

#КүшімізБірлікте

«Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісінің еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БРИФИНГ



ТҮРҒЫНДАР ӨМІРІНЕ ҚАУІП ЖОҚ

5

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



ЭПИДАХУАЛ КҮРДЕЛІ

9

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.01.2022

Түнде:



0 градус шамасында °C
Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар). Тұман

Күндіз:



+3+5°C
Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар). Тұман



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

19.01.2022

Түнде:



0-5 °C
Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, көктайғақ

Күндіз:



-3+2 °C
Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, көктайғақ



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №3 (6138) 18 қаңтар, сейсенбі, 2022 жыл.

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штабтың отырысы өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Қала әкімі мегаполистің тұрмыс-тіршілігін қамтыған жауапты мамандардың баяндамаларымен танысты. Бақытжан Сағынтаев Алматы әкімдігінің қызметкерлері «Қазақстан халқына» қорына бір күндік жалақысын аударатынын мәлімдеді. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 11 қаңтарда Қазақстан

Республикасының Парламенті Мәжілісі отырысында берген тапсырмасын орындау аясында «Қазақстан халқына» қоры құрылып, қор басшысы тағайындалды. Осыған байланысты Алматы қаласы әкімдігі қызметкерлері «Қазақстан халқына» қорына бір күндік жалақысын аударуға шешім қабылдады», – деді шаһар басшысы.

2

АКЦИЯ

ҚОР ҚОРЖЫНЫ ТОЛЫҒУДА



«Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры хабарлағандай, 17 қаңтар күнгі мәліметке сәйкес заңды тұлғалардан 12,36 миллиард теңге түсіп үлгерген. «Kaspi Bank» пен оның құрылтайшылары Вячеслав Ким мен Михаил Ломтадзе қайырымдылыққа айтарлықтай үлес қосып, 10 миллиард теңге аударды. Сондай-ақ, «Халық» қайырымдылық қорынан екі миллиард теңге түсті.

ҚЫСҚА...

- Білім және ғылым министрлігі мұғалімдердің «Қазақстан халқына» қорына қаражат аударуға міндетті емес екенін мәлімдеді.
- 17 қаңтардан бастап қаладағы қоғамдық көліктер таңғы 8.00-ден кешкі 21.00-ге дейін жүретін болды.
- Синоптиктер алдағы үш күнде елімізде 25 градусқа дейін аяз болады деп отыр.
- Алматыда коменданттық сағатты бұзған 84 адам әкімшілік жауапқа тартылды.
- Қызылордалық ғалымдар күріш қауызы мен сабанынан қағаз, белсендірілген көмір және биочар әзірлей бастады. Биочар – топырақ қасиетін жақсартып, тұздылығын төмендететін биотыңайтқыш.

www.almaty-akshamy.kz



5

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штабтың отырысы өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

ЖАЯУ ПАТРУЛЬДЕР ҮШ АУЫСЫМ- ДА ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Алматыда коменданттық сағатты бұзғаны үшін 84 адам әкімшілік жауапқа тартылды. Бұл туралы қалалық полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов мәлімдеді. Оның айтуынша, қаладағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге және аса маңызды нысандарды қорғауға 3800 полиция мен сарбаз жұмылдырылды. Сонымен қатар, ол Алматыда полиция және әскери қызметкерлерден құрылған жаяу патрульдер үш ауысымды режимде жұмыс істеп жатқанын айтты. «Қалада 5 блок-бекет жұмыс істеп тұр. Оған 390 адам жұмылдырылған. Қорғаныс министрлігі әскери қызметкерлері қаланың барлық маңызды стратегиялық нысандарын қорғап тұр. Полиция банктердің 49 есеп айырысу бөлімшесін күзетке алды», – деді ол.

Спикердің сөзінше, 7 қару-жарақ дүкенінен 1347 қару ұрланған. Осыған қатысты арнайы тергеу тобы құрылды. Осы сәтке дейін 127 қару тәркіленді, оның 58-і аңшы дүкенінен ұрланғаны анықталды. «Терроризмге қарсы операция басталғалы ішкі істер органдарына жалпы 2300 адам жеткізілді. Олардың 236-сы қарақшылық және жаппай тәртіпсіздікке қатысқандар болды, олар қамауға алынды. 84 адам коменданттық сағатты бұзғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылды», – деді Қанат Таймерденов.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Алматы әкімдігінің аппараттық кенесінде қаланың Әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева аз қамтылған отбасыларды, күш құрылымдарын және ҰЕҰ-ны қолдау туралы айтып берді. «Алматы қаласында қалыптасқан жағдайға байланысты 2022 жылдың 9 қаңтарынан бастап «Жақсылық бастауы» қайырымдылық қорымен бірлесіп құқық қорғау органдары мен Ұлттық ұланның 1455 қызметкерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық акциясы өткізілуде. Ал «April Group» ЖШС-мен бірге 200 аз қамтылған отбасыға азық-түлік жиынтығы берілді», – деді Н.Тоғызбаева. Оның айтуынша, мәслихат депутаттары мен жанашыр азаматтардың қаржылай қолдауымен 572 әлеуметтік осал отбасы мен үкіметтік емес 5 ұйым – Қазақ зағип-

тар қоғамы, «Ана үйі» ҚҚ, «Реванш» ҚҚ, «Жанұя» дағдарыс орталығы, «Тин челлендж» есірткіге тәуелділікті оңалту жөніндегі медициналық орталық үшін 8 тоннаға жуық азық-түлік сатып алынды.

35 НЫСАН ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Қалалық жайлы орта басқармасының басшысы Сапар Нұрашев қаланың зардап шеккен нысандары бойынша қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы есеп берді. Оның сөзінше, басқару нысандары бойынша жұмыстар толық көлемде жаңартылды.

«Бұл – 35 әлеуметтік нысан, 58 инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жобасы және Түркістан ауданының «Қайрат» шағынауданында 41 тұрғын үй құрылысы. Жаңа құрылыс нысандарындағы жұмысшылар саны шамамен 2300 адамды құрайды, апта басында 1400 адам болды. Қалпына келтіру нысандарының бастапқы тізімі 31 объектіден тұрды. Осы нысандарды қарау барысында жекеменшіктегі мынадай объектілер ШОБ санатына ауыстырылды: «Мир 24» телеарнасы; «Алматы халықаралық әуежайы» ғимараты; Nur Otan партиясының ғимараты (Төле би көшесі, 277). Сонымен қатар, келіссөздер барысында Тұңғыш Президент Қорының ғимаратын Қордың өз қаражаты есебінен қалпына келтіру туралы шешім қабылданды», – деді Сапар Нұрашев.

Оның айтуынша, жоғарыда көрсетілген объектілерді алып тастағаннан кейін 27 нысан қалпына келтірілуге жатады. «Оның ішінде 10 нысан бойынша қалпына келтіру бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін болады. Олар: әкімдік ғимараты, «Қазақстан» телеарнасы, Президент резиденциясы, прокуратура өкілдігінің және Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының ғимараты. Сондай-ақ, 6 нысанға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді: Полиция департаментінің ғимараты және фронт-офис, Алмалы аудандық полиция басқармасының ғимараты және фронт-офис, Алмалы аудандық полиция бөлімінің ғимараты және фронт-офис», – деп атап өтті Қалалық жайлы орта басқармасының басшысы.

Ол «ҚазКСҒЗИ» АҚ, «Қазмирр» АҚ (қазақстандық көпсалалы қайта құру және даму институты – Президент резиденциясының ғимараты) институтымен және басқа да аккредиттелген ұйымдармен техникалық тексеру, ЖСҚ әзірлеу және ағымдағы жөндеу бойынша сметалық есептер бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын хабарлады.

«Қалған 17 нысан аз ғана шығынға ұшырады, соның негізінде қалпына келтіру бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жүргізіледі. Бұл 5 денсаулық сақтау нысаны: №7 қалалық клиникалық аурухана, қалалық кардиологиялық орталық, №1 перзентхана, Алмалы ауданының МСАК №12 Орталық клиникалық ауруханасы; Полиция департаментінің 10 модульдік бекеті; Әуезов және Жетісу аудандарының фронт-кеңселері бар 2 полиция басқармасының ғимараты», – дейді ол.

ЗАЛАЛДЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ – 112 МЛРД. ТЕҢГЕ

Қаладағы ШОБ нысандарының ішінде азық-түлік емес дүкендер ең көп зардап шекті. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Ілияс Өсеров мәлімдеді.

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша залалды бағалау жөніндегі қалалық және аудандық комиссиялар құрылып, жұмыс істеп жатқаны белгілі. Комиссия жұмысына іс жүзінде барлық қызметтер мен ұйымдар, соның ішінде «Атамекен», тәуелсіз бағалаушылар мен аудиторлар палатасының өкілдері тартылған. Алдын ала деректер (14.01.2022 жылғы жағдай) бойынша мүліктің барлық түрлері бойынша залалдың жалпы сомасы 112 млрд. теңгеден астам (~112,6 млрд.), оның ішінде: бизнес субъектілері бойынша 67 млрд. (ШОБ – 42 млрд., ірі бизнес – 25 млрд.).

Алматы қаласы әкімінің орынбасары атап өткендей, ШОБ арасында азық-түлік емес дүкендер – 20,9 млрд., азық-түлік дүкендері – 5,7 млрд., қару-жарақ дүкендері – 6,4 млрд., ломбардтар – 2,9 млрд., қоғамдық тамақтану объектілері – 1,8 млрд. және т.б. зардап шекті. Қаржы ұйымдары бойынша (банк бөлімшелері, банкоматтар) алдын ала залал 701,7 млн. құрады. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп, зардап шеккен объектілер бойынша деректерді жинауды жалғастыруда. Біз жақын күндері Агенттік-тен мәліметтер аламыз деп күтудеміз. Ірі бизнес бойынша шығын шамамен 25 млрд. Бұдан басқа, жанар-жағармай құю бекеттері 306 млн. зардап шекті, басқа нысандар – 3,1 млрд. құрайды. «20 әкімшілік ғимарат, полиция департаментінің 10 бекеті, 17 экопост пен әуежай ғимараты бойынша шығын 22,6 млрд. теңгеден асады», – деп атап өтті Алматы қаласы әкімінің орынбасары. Атап айтқанда, әкімдік ғимараты 20 млрд.; Бас прокуратураның Арнайы есеп басқармасының ғимараты 2 млрд.; Полиция департаменті мен аудандық басқармалардың ғимараттары мен бекеттері 205 млн.; 162,7 млн.-ға 17 экопост; медициналық нысандар – 2,1 млн. және т.б.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Қазақстан халқына»
қорына

12

миллиард теңгеден
аса қаражат жиналды.



Мегаполисте 71 мыңнан
астам бала қамтылған

860

мектепке дейінгі ұйым бар.



Өткен жылы

17,5 мыңнан астам
этникалық қазақ «қандас»
мәртебесін алды.



Мегаполисте 975
дәріхананың

920-сы (95%)

штаттық режимде жұмыс
істейді.



Мегаполис колледждерінде

73 719

мыңнан астам
студент оқиды.



ПАРЫЗ

Қалыпты арнаға оралуда

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары кезінде бұзақылардың қолынан зардап шеккендер жатқан клиникалық ауруханалардың бірінде болды.

Қала әкімі зардап шеккендерге қызметтік міндеттерін орындау кезінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін алғыс айтып, барлығына қолдау шаралары көрсетілетінін жеткізді.

Б.Сағынтаев сол күндері ортақ мүдде үшін қаланың қауіпсіздігін қамтамасыз еткендердің



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

барлығына алматылықтардың атынан алғысын білдірді. Бүгінде шаһар қалпына келіп жатыр және біртіндеп тіршіліктің қалыпты арнасына қайта оралуда.

Пәтерлер тексерілді

Әсел
ДАҒЖАН

Алматыдағы жаппай тәртіпсіздік кезінде орталыққа жақын орналасқан 37 пәтерлі бұзақылар бүлдіріп кеткен. Бұл туралы қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен өткен шұғыл штаб отырысында белгілі болды.

«Бүгінге дейін 37 пәтерге тексеріс жүргізілді. Қазір мамандар қанша шығын кел-

генін есептеп жатыр. Бұған бірнеше күн қажет. Біз ол туралы ПИК пен тұрғындарға хабарлаймыз, өйткені алдағы 2 күнде тергеу амалдары жүргізіледі», – деді қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев.

Бұған дейін Алматы әкімдігі ғимаратына келген шығын туралы жазған болатынбыз. Алдын ала есеп бойынша, шығын көлемі – 112,6 млрд. теңге. Оның 67 млрд. теңгесі бизнес субектілеріне тиесілі. Алматыдағы бүліктен кейін 240 нысан зардап шекті. Басым бөлігі есік-терезесін ауыстыруды қажет етеді және жартылай өртенген нысандар бар.


ОНЛАЙН-САБАҚ

Жұмыс қайта
жанданадыРая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева білім беру ұйымдарындағы оқу процесіне дайындық туралы жан-жақты баяндады.

Қалада қалыптасқан жағдайға байланысты 71 мыңнан астам баланы қамтыған 860 мектепке дейінгі ұйым, олардың ішінде 190 мемлекеттік және 670 жекеменшік мектептер 5 қаңтардан бастап өз жұмысын уақытша тоқтатты. Білім басқармасы басшысының айтуынша, ТЖ режимі аяқталғаннан кейін 20 қаңтардан бастап балабақшалардың жұмысын қайтадан жандандыру мәселесі жоспарлануда. Бұл ретте қаладағы эпидемиологиялық жағдай міндетті түрде ескерілетін болады. Жағдайға байланысты балабақшаларда кезекші топтар жұмыс істеуі мүмкін. Сондықтан мектепке дейінгі мекемелердің жұмыс тәртібі туралы ата-аналар мен қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылмақ.

– Бүгінде төтенше жағдай кезінде мектепке дейінгі мекемелерді қаржыландыру мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Атап айтқанда, 30 640 орынды 519 жекеменшік балабақшада, сондай-ақ 173 мемлекеттік балабақшада орналасқан мемлекеттік тапсырыс туралы сөз болып отыр, – деп атап өтті Л.Жылқыбаева.



Сонымен қатар, Білім басқармасының басшысы мектептердегі қысқы демалыс уақытының 17 қаңтарға, колледждерде 24 қаңтарға дейін созылатынын да еске салды. Қаламыздағы эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына байланысты 17 қаңтардан бастап, оқушылар сабаққа қашықтық форматында кірісті. Бұл ретте қала мектептерінің қашықтан оқыту форматында жұмыс тәжірибесі бар. Қала мектептерінің мұғалімдері өткен жылы цифрлық сауаттылықты арттыру курстарынан өтті. Оқу процесін ұйымдастыру үшін барлық жағдай жасалған. Мәселен, ата-аналар компьютерлерге немесе ноутбуктерге, интернетке қосылу қажеттілігі туындаған жағдайда мектеп директорына немесе аудандық білім бөлімдеріне хабарласуларына болады. Бұл мәселелерді шешу жағы да қарастырылған. Қалалық Білім басқармасының басшысы 24 қаңтардан бастап 83 колледждің 73 мыңнан астам студентінің де сабаққа кірісетінін, оларға оқытудың аралас форматы көзделіп отырғанын жеткізді.

Жалпы, колледждердегі дәрістік сабақтар онлайн-режимде, ал практикалық сабақтар санитариялық талаптар кестесі бойынша офлайн ұйымдастырылады.

БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов онлайн брифинг кезінде зардап шеккен бизнесмендердің қайсысы келтірілген залалды өтей алады, несиелер мен салықтар бойынша кейінге қалдырыла ма, жоқ па, соны айтып берді.

А.Қошмамбетовтың айтуынша, зардап шеккен шағын және орта бизнес кәсіпкерлері залалды өтеуге үміттен алады. «Шешім әрбір нақты жағдайда әзірленіп жатқан үкіметтік қағидалар негізінде құрылған комиссиялардың қараған қорытындылары негізінде қабылданады», – деп атап өтті спикер.

Ол Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасына Жібек жолы көшесі, 135 (Амангелді көшесінің қиылысы) 2-ші блок, 8-ші қабат мекенжайы бойынша хабарласып, форс-мажорлық жағдайлар туралы куәлік алуға болатынын атап өтті.

Несилер мен салықтық төлемдер бойынша мерзімді ұзартуға қатысты Айтуар Қошмамбетов мынаны түсіндірді: «Салықтық төлемдер бойынша мәселе қазіргі уақытта ҚР Үкіметі деңгейінде қарастырылуда. Бұдан басқа, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2022 жылғы 10 қаңтардағы бұйрықпен төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларды қолдау шараларын бекітті. Құжатқа сәйкес кредиттік ұйымдар ТЖ кезінде оның қаржылық



жай-күйінің нашарлауының немесе келтірілген залалдың объективті себептері болған кезде қарыз алушының банктік қарыз немесе микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді тоқтата тұрады», – деді.

Кәсіпкер объектінің бос тұрып қалуы кезінде қызметкерлердің жалақысы бойынша шығындарды залал сомасына қосуға бола ма деген сұраққа спикер шығыстардың осы бабы бизнестің тоқтап тұруына байланысты, мысалы, тез бұзылатын өнімдер үшін шығындар және жалға алу шығыстары сияқты залал ретінде есептелмейтінін атап өтті. Жалдау ақысы мәселелері бойынша дауларды реттеу үшін кәсіпкерлерге аудандық комиссияға өз бетінше өтініш беру ұсынылады, ол залал анықталғаннан кейін шешім қабылдап, қорытынды береді.

ЕҢБЕКАҚЫ

Жалақы өседі

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына орай, 2022 жылдың қаңтарынан бастап, мектеп, колледж педагогтары мен балабақша тәрбиешілерінің жалақысы тағы да 25%-ға өспек. Сонымен қатар, осы жылғы қосымша білім беру жүйесі педагогтарының да жалақысы 25 пайызға артты.

Осыған дейін де Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен педагогтардың жалақысы 2020 жылдың қаңтарында 25 және 2021 жылдың қаңтарында тағы да 25 пайызға өскен болатын. Осылайша екі есеге ұлғайған жалақы тағы да өсіп отыр.

Міне, мұғалімдердің жалақысын көтеріп, тұрмысын жақсарту білім сапасына оң әсерін тигізіп жатқаны байқалады. Сонымен қатар, педагог мамандығына мектептің үздік бітірген түлектер таңдап, олардың қатары артып келеді. Бұл арада сапаның нақты кепілі ретінде, педагогикалық мамандыққа түсетіндердің ҰБТ-дағы орташа балы айтарлықтай өсті. Мектеп бітіруші түлектердің арасынан «Алтын белгі» иегерлерінің саны бірнеше есеге көбейді. Жалпы, мұғалімдердің еңбекақысын арттыру ел болашағына үлкен инвестиция болып табылады. Сондай-ақ, биылғы жылдың қаңтар айынан бастап Президент Қ.К.Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен барлық педагогтар қауымы жоғары жалақы алатын болады. Сонымен қатар, жалақымен бірге мұғалімдер алатын қосымша төлемдер де арта түсті. Бұл –



біліктілік санаты үшін төленетін (лауазымдық жалақының 30%-нан 50%-на дейін), магистр дәрежесі үшін, ағылшын тілінде пәндерді жүргізгені, дәптерлер тексергені, сынып жетекшілігі және тәлімгерлік үшін төленетін ұстамақылар.

Айта кетерлігі, педагогтардың жалақысы оқу жүктемесіне, білім деңгейіне, біліктілігіне, жұмыс өтіліне, магистр дәрежесінің болуына және басқа да қосымша ақыларға байланысты есептеледі.

Мәселен, 2021 жылы магистрлік дәреже үшін ұстамақы алушылар шеңбері кеңейтілді. Бұл ретте әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы белгіленіп, денешынықтыру пәні мұғалімдеріне сабақтан тыс уақытта қосымша спорт секцияларын өткізгені үшін төлемдер қарастырылды.

Сондай-ақ, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы аясында кітапханашылар, бухгалтерлер, зертханашылар және білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің жалақысы өсті. Биылғы жылдың қаңтар айында олардың жалақысы орта есеппен алғанда 20 пайызға артады. Бұған қоса, жалақы мөлшері жыл сайын Президент Жолдауы шеңберінде өсіп отыратын болады.

БІЛІМ

Арнайы
бағдарлама
әзірленуде

Білім саласы тағы бір жақсы жаңалықпен толықты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында үздік мұғалімдер үшін арнайы бағдарлама қолға алынып, мамандар дайындыққа кірісіп кетті.

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, дәл қазір мұғалімдер жетіспейтін өңірлерге үздік педагогтарды тарту үшін арнайы бағдарлама

қолға алынды. Арнайы жүргізілген сараптама нәтижесінде Атырау, Маңғыстау, Алматы, Түркістан облыстарында әлі күнге дейін мұғалімдердің жетіспей отырғаны белгілі болды. Мұғалім тапшылығы ең алдымен білім сапасына әсер ететіні анық. Тіпті, бір мұғалімнің бірнеше пәннен сабақ беретіні анықталып жатқаны да жасырын емес. Сондықтан қолға алынып жатқан бағдарлама, ең алдымен, білім сапасының артуына оң әсерін тигізеді анық. Арнайы бағдарлама аясында мұғалім тапшы өңірлерге жоғары оқу орнын бітірген ең үздік мамандар тартылмақшы. Олардың барлығына әлеуметтік қолдаулар көрсетілетін болады. Бұл ретте министр олардың жалақысы тиісті коэффициент белгілеу арқылы төленетінін жеткізді. Сонымен қатар, коммуналдық қызмет төлемдер де төленетін болады.

Ерекше балаларға қамқорлық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше балаларға қолдау білдіріп, олардың білім алуы қолжетімді болуы үшін үкіметке арнайы тапсырма берген еді.

Осы орайда, Алматы қаласында ерекше балаларға қолдау ретінде мектептердің 80 пайызы инклюзивті білім беруде. Қазір бұл мектептерде 4 мыңнан астам ерекше бала білім алып жатыр. Ерекше балалар үшін тегін спорттық үйірмелер мен арнайы 36 шығармашылық секциялар жұмыс істейді.

Жалпы, бүгінгі таңда Алматы қаласында 53 мыңнан астам ерекше қажеттіліктері бар адам тұрып жатыр. Биыл қаладағы 24,7 мың мүмкіндігі шектеулі жандар 4,9 млрд. теңгеге

оңалту құралдарымен қамтылып, әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, ерекше жандардың жүріп-тұруына қолайлы болу үшін жерасты және жерүсті өткелдерінің 56 пайызы көтергіш механизмдермен, пандустық кіреберістермен толығымен жабдықталды. Биылғы жылы тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған 143 төсек-орынды орталық құрылысы бас-талды. Осы жылдың, яғни 2022 жылдың соңында пайдаланылуға берілмек. Сондай-ақ, қаламызда тағы да аутизм, басқа да психикалық аурулары бар балаларға арналған орталықтар ашу жоспарлануда.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ҚАЛА ДАМУЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Алматыда тыныштық орнады. Көшелердегі әскери патрульдер мен әйнектері сынған үйлер мен бүлінген, өртенген ғимараттар болмаса, қала әдеттегі қарапайым өмір сүру дағдысына көшті. Қала тіршілігін қамтитын барлық саланың жұмысы белсенді түрде жүргізіліп, тіпті кейбір мамандар үздіксіз, яғни демалыссыз жұмыс істеуде.

Жалпы, Алматы сейсмикалық белсенділігі жоғары қала болып табылады. Сондықтан бұл жұмыстарға арнайы ведомстволар тартылып отыр. Мәселен, Алматы қаласы әкімдігінің ғимараты 100% бүлінген. Алматы әкімінің орынбасары Ілияс Өсеровтің айтуынша, әкімдік ғимаратына 20 млрд. теңге шығын келген. Жалпы, Алматыдағы бүліктен кейін 240 нысан зардап шеккен. Басым бөлігі есік-терезесін ауыстыруды қажет ететін нысандар. Арасында жартылай өртенген нысандар бар. Оның 27-сі – мемлекеттік мекеме ғимараты, 216-сы – шағын және орта бизнес нысандары. Алматы қаласы әкімінің орынбасары бұл туралы шаһар басшысы Б.Сағынтаевтың төрағалығымен өткен қаланың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында айтты.

Әкімдік ғимараты 2013 жылға дейін сәулет ескерткіштерінің тізімінде болды. Содан кейін ол аталмыш тізімнен алынып тастаған. Сондықтан қайта құрудан кейін жаңартылған ғимарат пайда болуы мүмкін. Бірақ онда жұмыс істейтін топ ғимараттың тарихи келбетін сақтау керек деген пікірде.

Қалалық мобильділік басқармасының



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

басшысы Ғани Мырзахановтың айтуынша, тәртіпсіздік кезінде 28 автобус зақымдалды. Оның 16-сы жөнделді. Қалған 12-сі қосалқы бөлшектердің түсуіне қарай жақын арада қалпына келтіріледі. Әуежай мен теміржол вокзалдары штаттық режимде жұмыс істеуде.

15 қаңтардан бастап Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында қалааралық тасымалдау қалпына келтірілді. Коменданттық сағат кезінде олар күндізгі уақытта жүреді. «Қаланың сыртқы көше желілерін тексеру нәтижелері бойынша 1050 шаршы метр жол жабынының, 410 жиек-

тас жиегінің, 98 нөсер торының бұзылғаны анықталды. Сенбі күні асфальт зауыты іске қосылды. Жол жабыны негізгі магистральдарда толығымен қалпына келді. Тәртіпсіздіктер кезінде 2025 м² төсемдер (брусчатка) толықтай қалпына келтірілді. Сондай-ақ, қалада 46 бағдаршам мен 121 жол белгісі бүлінген. Бүгінде барлық бағдаршамдар қалпына келтіріліп, жұмыс істеуде. Зақымдалған 43 автобус аялдамасының 23-і жөнделді. Қалғандары кезек-кезеңімен қалпына келтіріледі.

Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев Алматыда жаппай

тәртіпсіздік кезінде құны 500 миллион теңгеге жуық бейнебақылау камералары бүлінгенін айтты. Спикердің айтуынша, қалада 11 мыңнан аса бейнебақылау камералары Полиция департаментінің жедел басқару орталығына біріктіріліп, олар арқылы тәртіпсіздіктер мен тонауға қатысушылар бақылауға алынған. Қаңтардағы оқиғалардан кейін Алматыда 766 «Сергек» камерасы бүлінген.

17 қаңтарда таңертең 485 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені қалпына келтіріліп, жедел басқару орталығына қосылды. Оның 20-сы кеше таңғы сағат 7-де қосылды. 75-тен астамын тонаушылар бұзған, бүгінде олардың 30-дан астамы жөнделді. Қалпына келтіру жұмыстары бойынша жалпы сома 250 миллион теңгеден аспайды. Басқарма өкілдері барлық жұмыс қаңтардың аяғына дейін толық іске қосылады деп жоспарлап отыр.

Саябақтарда, скверлерде «Адам көп жиналатын орындардағы жағдайды бейнебақылау жүйесінің» 1000 камерасы бар. Тәртіпсіздік кезінде шабуылдаушылар оның 242-сін зақымдаған.

Баян Қоңырбаевтың айтуынша, тонаушылар бұл камераларды әдейі қиратқан. Өйткені, камералар 30 есеге дейін ұлғайту мүмкіндігімен жақсы жабдықталған. Өндірушілер қоймаларда бұл камералар жоқ екенін айтып отыр. Оларды шамамен 2022 жылдың наурызында жеткізуге болады. Бірақ қазір оларды басқа өндіруші камераларына ауыстыру мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Қаржыландыру республикалық бюджеттен бекітілген. Жалпы сома 226 миллион теңгеден аспайды.

Б.Қоңырбаев аула аумақтары мен кіреберістерде 400-ден аса камера орнатылғанын айтты. Биылғы шілдеге дейін тағы да осындай 3500 камера орнату жоспарланған.

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

АЯЛДАМАЛАР



Барлығы 43 нысан бүлінген. Оның 23-і (17.01.2022) қалпына келді.

«СЕРГЕК» камералары



Бүлінген 766 камераның 485-і жөнделді. 75 камераны бұзақылар бұзды. Қалғандары қаңтардың аяғына дейін қалыпқа келтіріледі.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



Тәртіпсіздік кезінде 28 автобус зақымдалған. Оның 16-сы жөнделді. Қалған 12 қосалқы бөлшектердің түсуіне қарай жақын арада қалпына келтіріледі.

Алматы-БАЙК



220 велосипед бүлінген. 170-і жоғалып кеткен. 21 велосипед зардап шеккен. Деректер қаланың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысынан алынды.

ҮЙДЕН ГАЗДЫҢ ИІСІ ШЫҚСА

қайда хабарласу қажет?

«112» желісіне Алматының Алматы, Әуезов және Бостандық аудандарының тұрғындарынан үйлер мен пәтерлерде газдың иісі бар екендігі туралы шағымдар келіп түскен. «Интергаз Орталық Азия» АҚ жағдайдың алдын ала себебін айтып, былай деп түсіндіріп берді.

Компанияның баспасөз қызметінің хабарлауынша, қазіргі уақытта барлық хабарламаны пысықтау үшін газ қызметінің жеті авариялық бригадасы жұмылдырылған. «Интергаз Орталық Азия» АҚ Алматы қаласы бойынша магистральдық газ құбырлары бас-

қармасының деректері бойынша, 16 қаңтарда температураның +15°-қа дейін аномалды көтерілуіне байланысты газ тығыздығы артқан. Осының әсерінен газды одоризациялау қысқы режимде қалып, газдың өзі аз жұмсалған. Одоризация – бұл ағып кетуді уақытылы



анықтау үшін арнайы компоненттердің көмегімен табиғи газға ерекше иіс беру.

Алғашқы өтінімдерден кейін шығыс қысымы мен одоризация нормасын төмендету туралы шешім қабылданған. Одорант физиологиялық зиянсыз болғандықтан, адамдарға еш қауіп төніп тұрған жоқ.

Жабдықтауға қатысты проблемалар туындаған жағдайда «104» нөмірі бойынша авариялық қызметке жүгіну қажет.

Қалалық мобильділік басқармасы хабарлағандай, Алматы метрополитені 17 қаңтардан бастап жұмысын бастады.



Метро іске қосылды

Басқарманың хабарлауынша, метро таңғы сағат 7.00-ден кешкі сағат 21.00-ге дейін жұмыс істейді. Пойыздардың қозғалыс интервалы қарбалас уақытта 10 минут, басқа уақытта 13 минуттан болады.

Басқарма өкілдері 17 қаңтардан бастап қоғамдық көлік, оның ішін-

де троллейбустар мен қала маңы маршруттарының жұмыс уақыты сағат 21.00-ге дейін ұзартылғанын мәлімдеді. Осылайша қалалық маршруттар таңғы сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін, қала маңы маршруттары сағат 9.00-ден кешкі сағат 21.00-ге дейін жұмыс істейді.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

ТҰРҒЫНДАР ӨМІРІНЕ ҚАУІП ЖОҚ

Төтенше жағдай кезіндегі тәртіп сақшыларының жұмысымен таныс болу үшін арнайы брифинг ұйымдастырылды. Онда қала коменданты болып тағайындалған Алматы Полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов пен Алматы прокуроры Берік Жүйріктаев сөз сөйледі. Олардың айтуынша, қазіргі уақытта жағдай тұрақты, тұрғындардың өміріне еш қауіп жоқ.



Динара
МУРАТ



Қанат Таймерденов бастапқыда жаппай тәртіпсіздіктерге қатысушылар таяқпен, битпен және т.б. қаруланған, тастарды, бөтелкедегі бензинді пайдаланғанын жеткізді. Кейін олар полиция қызметкерлері мен әскери училище курсанттарының арнайы құралдары мен нысанды киім-кешектерін иеленген.

Көп ұзамай лаңкестердің топтары бір мезгілде дерлік жеті қару-жарақ қоймасын басып алған, барлығы 1347 қару, оның ішінде 501 винтовка, 807 тегіс ұңғылы және 39 газ-травматикалық қару ұрланды.

Сондай-ақ, қару-жарақ пен әскери техниканы басып алу мақсатында Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне шабуыл жасалды.

Ал 5-6 қаңтарға қараған түні содырлар қалалық Полиция департаментін, Алматы, Жетісу, Әуезов, Бостандық аудандық бөлімшелерін басып алуға әрекет жасады.

«Осыған орай шабуылдардан қорғану мен тойтарыс беру, жауынгерлік қаруды ұрлауға жол бермеу үшін табельдік қаруды қолдана отырып, арнайы жоспар енгіздім. Менің өзім полиция департаментінде болдым, біз ғимаратымызды басып алмақшы болған 27 әрекетті санадық. Бұл техника мен арнайы тактиканы қолдану арқылы жасалған шабуылдар болды. Ал таран ретінде джиттер мен Камаздар қолданылды», – деді Қанат Таймерденов. Ол шабуылдарды қару-жарақ пен ұрыс әдістерін меңгерген кәсіби дайындалған адамдар жасағанын атап өтті.

Қылмыскерлерден қару-жарақ тәркілеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Бүгінде 127 бірлік қару, 2800 түрлі калибрлі патрон, сондай-ақ басқа да оқ-дәрілер мен арнайы құралдар тәркіленді. Қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Алматы прокуроры Берік Жүйріктаев брифингте сөйлеген сөзінде 5 қаңтардан бастап қалада тек бандиттер мен террористер

шабуыл жасағанын атап өтті. Олардың мінез-құлқы, дайындығы, қатыгездігі және іс-әрекеттерінің бірізділігі ұйымшылдықты көрсетеді.

«Алғашқы күннен бастап мен және прокуратураның барлық қызметкерлері оқиғалардың тура ортасында болдық. Біз бандиттердің ұйымдасқан агрессиясын көрдік. Олар арнайы техниканы, өрт сөндіру машиналарын, автобустарды басып алып, құқық қорғау күштерін таратты. Барлық жерде бейнебақылау камералары жойылды. Қылмыс жасау үшін брусчатка мен қолда бар басқа да қарулар пайдаланылды», – деп атап өтті Алматы прокуроры.

Ол қалада барлық жеке құрам орналасқан прокуратура ғимараттарының бірі өртенгенін айтты. ТЖМ күштері тарапынан жасалған батыл іс-қимылдардың арқасында жалынды сөндіруге, қызметкерлерді эвакуациялауға мүмкіндік болды, олар жанып жатқан ғимараттан құтқарылды.

Б.Жүйріктаев қылмыскерлердің аңшылық дүкендерін мақсатты түрде басып алып, полицияға шабуыл жасағанын атап өтті. Оларға құқық қорғау органдарына шабуыл жасау, бейбіт тұрғындарды қорқыту және террористік шабуылдарды жалғастыру үшін қару қажет болды. Ғимараттар қирады, өрт және медициналық көмек жұмысы бұғатталды. Сол кезде құқық қорғау органдары бұл ашынған митингішілер деп санады. Сондықтан жасалған барлық қылмыстарға қарамастан, күш құрылымдары қару қолданбады.

«Қазір біз содырлардың наразылық акцияларын өз мақсаттары үшін қолданғанын түсінеміз. Көшелерге шыққан бейбіт тұрғындарды олар қалқан ретінде пайдаланды», – деп атап өтті Алматы прокуроры.

Оның айтуынша, 5 қаңтардан бастап қалада тек бандиттер мен террористер шабуыл жасаған. Енді бұл шеруді «бейбіт» деуге келмеді.

«Біз терроризм актісіне тап болдық. Қала әкімдігінің ғимараты, әуежай мен Президент резиденциясы басып алынды. Іс-әрекеттердің сипаты, дайындығы, қатыгездігі мен үйлесімділігі олардың ұйымдасқандығын көрсетеді», – деді Б.Жүйріктаев.

Ол қаза болғандардың туыстары мен жақындарына, сондай-ақ зардап шеккендердің барлығына көңіл айтты.

Алматы прокурорының айтуынша, бүгінде қаладағы жағдай тұрақты. Ол фейктердің таралуына жол бермеуге және арандатушылыққа бой алдырмауға шақырды. Оның айтуынша, барлық қылмыстарды тергеу үшін құқық қорғау органдарының тәжірибелі қызметкерлерінен тұратын ведомствоаралық тергеу тобы құрылды.

«Біз лаңкестік әрекеттерге және басқа да қылмыстарға қатысы бар адамдарды анықтау және ұстау бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Қоғамдық қауіпсіздікті қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдануда. Қазір құқық қорғау органдары 405 қылмыстық істі тергеуде. Соттың санкциясымен 249 адам қамауға алынды», – деді Б.Жүйріктаев.

Ол қала бойынша қылмыскерлердің қолынан 2 мыңға жуық нысан зардап шеккенін хабарлады. Тергеушілер басым тәртіппен зардап шеккен бизнес нысандарын тексереді. Оқиға орнынан көптеген дәйектер мен заттай дәлелдемелер және қылмыс іздері алынды. Бұл бандиттердің киімдері, бейнежазбалар, қылмыс құралдары, оның ішінде 127 қару. Алынған бейнематериалдар қылмысқа қатысушыларды анықтау және кейіннен сәйкестендіру үшін пайдаланылады.

«Жұмыс Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен, құқық қорғау ұйымдарының өкілдерімен, Адвокаттар алқасымен және Кәсіпкерлер палатасымен тығыз өзара іс-қимылда жүргізілуде. Қамалғандарды ұстауды тәуелсіз бағалау үшін оларға тергеу изоляторларына кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілді», – деді қала прокуроры.

Оның айтуынша, азаматтар мен бизнес иелерін уақытылы «жәбірленуші» деп тануға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл өтемақы алу үшін маңызды.

Прокурорлар Президенттің тапсырмасына сәйкес, ауыр қылмысқа бармағандарға әкімшілік жазаны жеңілдету шараларын қабылдауда.

«Бұл жерде құқық бұзушының ісі жеке қаралуда. Мәселен, қала прокуратурасы 71 адамның жазасын жеңілдетті, тергеу изоляторынан 91 адамды босаттық. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Прокурорлар қылмыстық процестің барлық кезеңдерінде азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді», – деді Б.Жүйріктаев.

Ол қалада терроризмге қарсы операция жалғасып жатқанын еске салып, көпшіліктен шектеулер мен құқықтық тәртіпті сақтауды сұрады.

КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

Қайырымдылық аясы кең

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры (ҚӘҚ) құрылды.

Қор келесі міндеттерді орындайтын болады:

– Қазақстан Республикасының халқына денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында мемлекеттік қолдау шараларынан тыс қосымша қамтамасыз ету мәселелері бойынша қайырымдылық көмек көрсету;

– төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде Қазақстан Республикасының зардап шеккен халқына көмек көрсету;

– халықтың әлеуметтік осал топтары және осал топ балаларына спорттық инфрақұрылымның дамуы және қолжетімділігін арттыру бойынша жәрдемдесу;

– Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары, арнайы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасыларына және басқа да көмекке мұқтаж жандарға қолұшын созу, қолдау;

– Қор қызметінің басқа бағыттары бойынша қайырымдылық көмек көрсету. Қорды қаржыландыру жеке көздерден, халықаралық қайырымдылық ұйымдарының қаражатынан, лотерея қызметі операторының, ставкаларды есепке алу орталығының және басқа да монополистердің міндетті аударымдарынан, ірі бизнес тарапынан тұрақты аударымдарынан, қайырымдылыққа, оның ішінде квазимемлекеттік секторға арналған қаражаттан жүзеге асырылатын болады. Қордың Қамқоршылық кеңесі «Қазақстан халқына» бірауыздан ҚӘҚ төрағасы қызметіне Болат Жәмішевтің кандидатурасын ұсынып, қолдады.

«Қазақстан халқына» ҚӘҚ-ның жоғары басқару органы ретінде қорға қатысушылардың жалпы жиналысы, бақылаушы орган ретінде Қамқоршылық кеңес, атқарушы орган болып Басқарма және бақылаушы орган болып Тексеру комиссиясы тағайындалады.

Бизнес-қоғамдастықтың өкілдері мен көмек ретінде қолұшын созғысы келетін азаматтар «Қазақстан халқына» қорының шотына келесі реквизиттер бойынша қаражат аударалады:

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, ЖСН/БСН: 220140006999, Кбе 18, KZ97601A871001692501 KZT, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АКЦИЯ

Қор қоржыны толығуда



Динара
МУРАТҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Степногорск тау-кен химия комбинаты» компаниясы 350 миллион теңге аударды», – делінген қор хабарламасында. Сонымен қатар, қоғамдық қорға ерікті жарналарды 6519 қазақстандық аударды. Қазіргі уақытта олардың қайырымдылықтарының жалпы сомасы 10,1 миллион теңгеден асады.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік сала, мәдениет және спорт салаларындағы нақты мәселелерді шешу жөніндегі бастамасын қолдаған барлық қазақстандықтарға, ірі кәсіпорындарға, еңбек ұжымдарына алғыс білдіреді.

«Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа және оның Кеңесінің, Президент Әкімшілігінің және басқа да мемлекеттік және жеке ұйымдардың қызметкерлеріне бір күндік жалақысын аудару арқылы қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреміз», – деп атап өткен.

Қор басшылығы түскен барлық қаражаттың жұмсалыу жолдарының толық ашықтығы мен есептілігі қамтамасыз етілетінін мәлімдейді. Түскен қаржы «Қазақстан халқының игілігі үшін денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, білім, мәдениет және спорт мәселелерін шешуге» бағытталады.

Қор орфандық және басқа да аурулары бар, халықтың әлеуметтік осал топтарына, мұқтаж балаларға, қаза тапқан әскери қызметшілердің, құқық қорғау және арнайы органдар қызметкерлерінің отбасыларына, сондай-ақ басқа да қайырымдылық мақсаттарға қолдау көрсетеді.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев хабарлағандай, қала әкімдігі қызметкерлері әлеуметтік қорға бір күндік жалақыларын аударды. «11 қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында берілген Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасын орындау аясында «Қазақстан халқына» әлеуметтік қор құрылып, Қор басшысы тағайындалды. Осыған байланысты Алматы әкімдігі қызметкерлерінің бір күндік жалақысын қорға жіберу туралы шешім қабылданды», – деп мәлімдеді Бақытжан Сағынтаев аппараттық кеңесте.



ДАРЫН

Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінде Білім басқармасы мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының қолдауымен қаламыздың колледждерінің студенттері арасында дәстүрлі «Polytech Hackathon» байқауы өтті. «Almaty aqshamy» газеті байқау барысымен танысып, өнертапқыштармен тілдескен еді.

ӨНЕРТАПҚЫШТАР ДОДАҒА ТҮСТІ



Динара
МҰРАТ



Жалпы, «Хакатон» сөзі ағылшын тілінен аударғанда hacker «хакер» + marathon «марафон» сөздерінің бірігуінен құралып, хакерлерге арналған дода дегенді білдіреді. Алайда, форум жалпы бағдарламалаумен айналысатын жандарға арналған, оның барысында бағдарламалық жасақтаманы әзірлеудің әртүрлі салаларының мамандары (бағдарламашылар, дизайнерлер, менеджерлер) кез келген мәселені бірлесе отырып, белгілі бір уақыт аралығында шешуі тиіс.

«Polytech Hackathon» байқауының мақсаты – техникалық және кәсіптік білім алушылар арасында инновациялық қызметті насихаттау, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға жәрдемдесу, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, сондай-ақ Digital дағдыларды қолдана отырып, Хакатон алаңында шығармашылық жағдайда прототипке дейін идеяны іске асыру.

Кейбір хакатондар білім беру немесе әлеуметтік мақсаттарға арналған, бірақ көбінесе хакатонның негізгі міндеті – толық бағдарламалық жасақтаманы құру. Әрбір хакатон белгілі бір салаға бағытталған, мысалы, бағдарламалау тілі, операциялық жүйе, бағдарлама, бағдарламалық интерфейс. Сол сияқты, колледждер арасында өткен «Polytech Hackathon»-ның өзіндік бағыт-бағдары бар. Биылғы жылы қатысушыларға «Мамандық таңдау – болашақты таңдау» тақырыбында мобильді қосымша мен веб-сайт әзірлеу міндеті қойылды.

Жоба тақырыбы қазіргі өмір талабы мен сұраныстарына сай таңдалды. Себебі, алуан түрлі кәсіптер әлемінде жас адамға, атап айтқанда, талапкерге абыр-жымауға және өзінің кәсіби жолын дұрыс анықтауға, өз мүдделері мен қабілеттерін түсінуге көмектесу керек. Байқау, сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білім беруде ұсынылатын сұра-

нысқа ие мамандықтар туралы үлкен ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл әзірленген сайттар мен қатысушылардың мобильді қосымшасының маңыздылығын ашады.

Байқауға Орталық Азия техникалық-экономикалық, Инновациялық-техникалық және Алматы мемлекеттік политехникалық колледждерінің студенттері қатысты. Әдетте хакатондар бір күннен бір аптаға дейін созылуы мүмкін. Аталмыш байқау екі күн бойы жалғасын тапты.

Мәселені әркім өз деңгейіне, шығармашылық көзқарасына қарай түрлі жолмен шешіп жатады. Біздің алматылық студенттер де өзіндік көзқарастарымен ерекшеленіп білді. Мысалы, Алматы политехникалық колледжінің студенттері өздерінің веб-сайттарында ерекше жандардың қамын да ұмытпай, оларға арнайы функционал жасапты.

«Біз осы тақырыпта абитуриенттерге көмек көрсететін мобильді қосымша мен арнайы веб сайт жасадық. Веб сайтта бүкіл Қазақстан бойынша барлық орта арнаулы оқу орындарының ортақ базасын жасап, қажетті категориялар бойынша сұрыптау функциясын қостық. Яғни біздің сайтқа кірген талапкер өз мамандығын таңдап, ыңғайлы қаласын, керек десеңіз, ақылы немесе грант қарастырылғанын, жатақханасы бар немесе жоқ тетіктерін басып, іздеу жолына сұраныс білдіру арқылы өзіне сай келетін оқу орнын таба алады. Немесе ұнатқан колледжін іздеу жолына енгізіп, оқу нысаны жайлы толық ақпарат ала алады.

Құрастырылған сайт тек талапкерлердің ғана емес, ерекше жандардың да сұранысына жауап беруі тиіс. Сонда ғана мәселе толық шешімін табады. Сондықтан біз әлсіз көретін немесе мүлдем көрмейтін жандарға арнайы функционалдар жасадық. Жалпы 5 адамнан тұратын (3 веб-бағдарламашы мен 2 мобильді қосымша әзірлеуші) біздің Polytech командамыз берілген тапсырманы орындай алды деп ойлаймын», – деді қатысушы Хасенов Алдияр.

Ал мобильдік қосымшаны веб сайтқа қосалқы дүние ретінде, анықтамалық түрінде жасалған. Аталмыш анықтамалықта абитуриенттер қаладағы барлық колледждерді және олардың ішінде қандай мамандықтар бар, олармен қалай байланысуға болатынын көре алатын функциялар қарастырылған.

«Жалпы, хакатон командамызға өте ұнады, ол жерде командалық және жеке тәжірибені үлкен көлемінде жинауға болады. Сонымен қатар, өзің сияқты ойлайтын адамдармен кездесіп тәжірибемен бөлісудің, шексіз шығармашылықтың алаңына айналды!», – деді Алдияр өнертапқыш.

Жұмыс нәтижелерін бағалау және үздік жобаны анықтауды қазылар алқасы «R-STYLE.KZ» ЖШС директоры Р.М.Шаймарданов, «EXSPOBEST» тауарлар мен қызметтер өндірушілер халықаралық қауымдастығының директоры Ю.А.Пилипенко, «Magic Home Media» web-studio ЖК директоры Аслан Серікқұлұлы жүзеге асырды. Қазылар алқасы жобаның идеясы, инновациялы-



Байқауға Орталық Азия техникалық-экономикалық, Инновациялық-техникалық және Алматы мемлекеттік политехникалық колледждерінің студенттері қатысты. Әдетте хакатондар бір күннен бір аптаға дейін созылуы мүмкін. Аталмыш байқау екі күн бойы жалғасын тапты.



лығы, тақырыпқа сәйкестігі, Open Standards, Open Data, Open Source пайдалану, пайдаланушылар мен деректердің қауіпсіздігі, ауқымдылығы, қолданылуы, интерфейсі және usability, функционалдылығы және сөз сөйлеуі сияқты критерийлерге сәйкес 100 балдық шкала бойынша анықтады.

Нәтижелер қорытындысы бойынша «Polytech Hackathon» сайысына қатысушылар келесі орындарға ие болды:

I орын – Орталық Азия техникалық-экономикалық колледжі;

II орын – Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі;

III орын – Инновациялық техникалық колледжі.

Мұндай байқауларды өткізудің маңызы зор, өйткені IT компанияларының серіктестері мен жұмыс берушілерін білім беру бағдарламаларын өзектендіруге тартуға ықпал етеді, ТЖБ білім алушыларының әлеуметтік және жеке дамуына жәрдемдеседі, сондай-ақ талантты жастардың бастамалары мен жобаларына қолдау көрсетеді.

ӘУЕСҚОЙ ӘЛЕМ



«КИИМ ТЕК ҚАНА ШҮБЕРЕК ЕМЕС»

Жас дизайнер Алмас Керімбеков экологиялық мәселелерге назар аудару үшін дөңгелектерден киім жасап шығарды.

— Менің ойымша, дизайнер — адамдарға өзінің ойын, тәжірибесін және дүниеге көзқарасын жеткізгісі келетін жазушы іспеттес, — дейді Алмас.

Автор стандартты емес материалдардан экологиялық проблемалар тақырыбын ашатын ерекше образ жасап, олардың әрқайсысы сәнді нұсқада жарыққа шықты.

— Көйлекке анамның ескі перделерін қолданып, дәстүрлі костюм элементтерін көрсеттім. Ал шапан күртеше үшін қажет емес велосипед дөңгелектері мен түтіктерді алдым. Сән эстетикасы арқылы

әлеуметтік мәселелер туралы айтуға болатынын көрсету үшін пиджак көлемді болуы керек және сонымен бірге әйел сыр бейнесін ерекше көрсетіп тұруы керек, — дейді сәнгер.

Дизайнер «көйлектің бейнесі қоғамды өз көзқарастарын қайта қарауға және табиғатты құрметтеу туралы ойлауға итермелейді» деп үміттенеді.

— Адамдар қоршаған ортаны ойламайды, пикниктерден кейін қоқыс тастайды, өзен-көлдерді ластайды, ағаштарды ойланбай кеседі, — деп шағымданады Алмас.

Ол бұл экологиялық қасіреттерді, соның ішінде шығармашылық тілі мен шығармашылық индустрия арқылы айту керек екеніне сенімді.

— Менің сән туралы пікірім, ең алдымен, тарих, мән және ақпарат болып табылады. Киім ерекшелігімен көпшіліктің назарын аударды. Біздің киетініміз тек қана шүберек болмауы керек. Ол қоғамға ақпарат беріп тұруы қажет. Менің басты міндетім — адамдарға жанды тарихты, әлеуметтік ақпарат беретін киім шығару, — дейді Алмас Керімбеков.



ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!

Музыка — миға ем

АҚШ-тың Дьюк университетінің ғалымдары «тіл үйренетін және музыкамен шұғылданатын баланың миы ерте жетіледі, ал ересек адам ерте қартаюдан аулақ болады», — дейді.



Адам тіл үйренуге, музыканы игеруге тырысқанда мидың когнитивті қоры құрылып, бір-бірімен байланысы күшейетін көрінеді. Содан нейропатия мен мидың қартаюы сынды белгілер жойылады.

Ғалымдар диффузиялық тензорлық визуализация арқылы мидағы ақ заттың көлемі мен жүйке талшықтарының, мидың әртүрлі бөлігінің бір-бірімен ақпарат алмасу тұтастығын зерттеп көрген. Адам қартаюға бет алғанда мидағы ақ заттың тұтастығы төмендеп, когни-

тивті мүмкіндігі азая бастайды. Ал миында сенсомоторлы белсенділігі жоғалмаған адамның қартаюуы да аз жүреді. Ойлау және когнитивті ойлау жүйесі жақсарайды.

Нейробиологтар 20–67 жас аралығындағы сегіз музыканттың миын сканерден өткізген. Музыканттар күніне 3 сағатын музыкаға арнайды екен. Тексеріс барысында музыканттардың миындағы ақ заттың бір-бірімен байланысы және ориентациясын, оның көлемін көрсететін фракционды анизотропия-

ның деңгейі жоғары болып шыққан. Бұл дегеніміз — мұндай адамдардың миының когнитивті қоры мол деген сөз. Когнитивті қор жас келген сайын азаятыны заңды. Алайда, музыкамен белсенді айналысатын адамдарда когнитивті қор азаюдың орнына, көбейіп отыратыны белгілі болды.

Содан музыкамен айналысу мен көп тілді үйрену адамның когнитивті функциясын жақсартып, ойлау қабілетін күшейтетіні анықталған.

Қан айналымын жақсартады

Аң аулаумен айналысатын Африка тайпаларының жүріс-тұрысын зерттеген Америка ғалымдары орындыққа не диванға отырғанға қарағанда тізерлеп не жүресінен отыру әлдеқайда пайдалы деген қорытындыға келді. Зерттеу нәтижесін жазған — Proceedings of the National Academy of Sciences журналы.



Қазіргі адамдардың көбі уақытының басым бөлігін отырумен, отырып жұмыс жасаумен өткізетіні белгілі. Адамзат өмір бойы энергия үнемдеудің жолын іздеумен, соның әдіс-тәсілдерін табумен бас қатырып келе жатыр. Эволюциялық тұрғыдан ойлап қарасақ, бұл заңды да. Енді қазіргі заманда күш-қуатты үнемдеудің түрлі жолдардан ада екендігіне таңқалған. Құрал-жабдық) пайда болса да, адамзаттың денсаулығы жақсара қойған жоқ, керісінше, жапа шегіп жатыр. Отырудың зиян екені талай айтылып жүр. Отырып ұзақ жұмыс істеу қан айналымын нашарлатып, бұлшық еттегі зат алмасуды (метаболизмді) қиындатады.

Орындық пен диван ойлап табылғанға дейін адамдар қалай отырып, қалай демалғанын зерттеген Оңтүстік Калифорния университетінің ғалымдары Танзанияда терімшілікпен, аң аулаумен айналысатын хадза тайпасының тыныс-тіршілігімен танысып көрген.

Зерттеуге қатысқан тайпа өкілдеріне ғалымдар олардың физикалық белсенділігі мен демалысын есептеп отыратын қондырғы орнатқан. Ғалымдар қол еңбегімен айналысатын адамдардың физикалық белсенділігі жоғары деп ойлаған еді басында. Алайда, хадза тайпасының адамдары күніне, шамамен, бір сағат қана физикалық белсенділікте болатыны белгілі болды.

Бұл, әрине, АҚШ-тың денсаулық сақтау министрлігі норма деп ұсынған 22 минутынан үш есе көп. Бірақ ғалымдар жабайы ортада өмір сүретін адамдардың белсенділігі мен күш жұмсауы бұдан да жоғары болар деп ойлаған еді.

Бұдан шығатын қорытынды мынау: бұрынғы адамдар да қимылсыз, қозғалыссыз өмір сүрген қазіргілер сияқты. Бірақ бұрынғы

адамзаттың артықшылығы сол — табиғатпен етене, тете өмір сүргендігі. Яғни адам жаратылысынан асып ештеңе істеген жоқ, болмысы мен қарым-қабілеті әу баста қалай болды — солай өмір сүрген, — дейді ғалымдар.

Ғалымдар күні бойы 9-10 сағат бойы тағатсыз тыныш отыратын тайпа өкілдерінің созылмалы аурулардан ада екендігіне таңқалған. Бұған арнайы зерттеу жүргізген мамандар хадза халқының тізерлеп не жүресінен көп отыратынын байқаған.

Тізерлеп отырған адамның қан айналымы орындықта отырған адамдікіне қарағанда жақсырақ. Бұлшық етке түсетін салмақ та көбірек. Тіземен отырған кезде аяқтағы бұлшық еттің бүкіл бөлігі қимылға келіп, қан айналымы, зат алмасуы жақсы болады. Ал орындыққа отырғанда бұлшық еттің біраз бөлігі қимылсыз қалады. Мұны бұлшық етке тағылған арнайы қондырғы анықтап берді, — дейді ғалымдар.

Ал тізерлеп не малдас құрып отырған адамның бұлшық еттері көп энергия тұтынатындықтан, аға оған қажет жанармайды табу үшін майды «жаға» бастайды. Сондықтан тізерлеп отырған хадза тайпасының адамдары 10-12 сағат бойы кеңседе, үйде, көлікте отыратын қазіргі адамдарға қарағанда денсаулығы жақсы.

Енді зерттеу жүргізген авторлар отырып жұмыс істейтін адамдарға арасында тізерлеп не жүресінен, малдас құрып отырғаны жөн деп кеңес беруде.

Күні бойы тізерлеп отыру керек деген ой болмасын. Тек арасында қан айналымын үзіндісіз тізерлеп не жүресінен отырып көру керек. Бұл күні бойы орындықта отыра бергенге қарағанда жақсы, — деп кеңес береді ғалымдар.

Бетті дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.

Жаяу жүру жүрекке пайдалы

Күніне кем дегенде жарты сағатын серуендеуге арнаған адамның өмірі ұзақ болмақ. Әсіресе, жүрек талмасы бар жандарға жаяу жүру өте пайдалы.



Тамақты дұрыс ішу мен көбірек қозғалу — артық салмақтан арылу мен өмірді ұзартудың қарапайым жолы. Жаттығу жасау да адамның жалпы денсаулығын жақсартады.

Жаяу жүрген адамның жүрек-қан тамырлары бекіп, қан айналымы

жақсарайды. Neurology журналында жарияланған зерттеуге сүйенсек, аптасына 3-4 сағат жаяу жүруге не велосипед тебуге арнаған жандардың өмірі қысқа болу деңгейі 54 пайызға дейін қысқарады екен.

Ал 75 жастан асқан қарттардың

өзі мұндай жүрістен көп пайда тапқан. Жүрек талмасын алу қаупі 80 пайызға дейін қысқарған көрінеді. Сондықтан ғалымдар аптасына 6-7 сағатын тек жүруге, серуендеуге арнауы керек дейді. Сонда күніне кем дегенде 30 минутын жүруге арнауы тиіс.



мының төмендеуіне, холестериннің азаюына әкеледі екен.

Ал грек жаңғағын жемеген адамдарда мұндай өзгеріс байқалған жоқ.

— Күнде грек жаңғағын жеу арқылы тамақтануды жақсартуға болады, — дейді Петерсен.

Ғалымдар күнде 50–80 грамм грек жаңғағын жеген адамның ішек пен жүрек жұмысы жақсарып, денсаулығына оңалады дейді.

— Жаңғақтың құрамында май қышқылы, жасунык, биологиялық белсенді қоспалар бар. Бұл ішек микрофлорасына азық болады. Ал пайдалы бактериялар көбейсе, ағзаға пайдалы метаболит бөлінеді, — дейді ғалым.

адамның асқазаны жақсарып, ішектегі пайдалы бактериялардың көбейетіні байқаған.

— Әсіресе, ішектің ішкі қабатын қорғауға атсалысатын Roseburia бактериясының көбеюіне ықпал етті. Сондай-ақ, Eubacteria eligens пен Butyricicoccus бактериясының да көбейгенін байқадық, — дейді зерттеу авторларының бірі Кристина Петерсен (Kristina Petersen).

Авторлар ішек микробиомасы мен жүрек қан тамырларының жақсаруы қатар жүретін процесс дейді. Мәселен, Eubacteria eligens бактериясы көбейсе, қан қысымының азайып, Lachnospiraceae бактериясы көбейсе, артериалды қан қысы-

Жаңғақ ас қорытуға көмектеседі

Ғалымдар күнде жаңғақ жеген адамның асқазаны жақсарып, ішегінде пайдалы бактериялардың көбейетінін айтады. Зерттеудің нәтижесін Nutrition журналы жазды.

Жаңғақтың қандағы холестеринді азайтып, тамыр мен жүрек жұмысын жақсартатынын Пенсильвания университетінің ғалымдары бұған дейін де дәлелдеген еді. Енді ғалымдар жаңғақтың асқазан мен ішек жұмысына қалай әсер ететінін анықтамақ ниетпен 30 бен 65 жастағы 42 адамға зерттеу жасаған. Оларды үш топқа бөліп, біріне грек жаңғағы қосылған диета берілсе, екіншісіне жаңғағы жоқ, ал үшіншісіне жаңғақ қосылған қышқылы бар диета берілген.

Тәжірибе 6 аптаға созылған. Зерттеу біткеннен кейін ғалымдар грек жаңғағын күнде жеп жүрген



ТЕННИС

Джокович дастаны және біздің алтау

Биылғы Australian Open турнирі үлкен даумен басталды. Әлемнің бірінші ракеткасы Новак Джокович (Сербия) кенгурулар еліне жасанды ПТР-тестпен енді деп айыпталып, алдымен визасының күші жойылды. Содан кейін оның елден сыртқа шығарылатыны мәлім болды.



Бүкіл әлемге коронавирустың «омикрон» штамы жылдам тарап, шекаралар қымталып жатқан кезде, дәстүрлі ірі жарыстарды өткізу үлкен сын болып тұр. Естеріңізде болса, өткен жылы да спортшылар Мельбурн қаласына келген соң бірнеше күн бойы оқшауланып, қонақүй бөлмелерінде жаттығу жасауға мәжбүр болған еді. Отандасымыз Юлия Путинцева тұрақтаған бөлмені тышқан аралап, біраз шу туғанын да ұмыта қойғанымыз жоқ. Әрине, Джоковичтің мұндай әрекетіне әлі де түрлі баға беріле жатар. Дегенмен, бірінші ракеткасыз жарыстың бәсі төмендейтіні анық.

Биыл Австралия ашық біріншілігіне Қазақстаннан алты спортшы қатысып жатыр. 20 жас-

тағы Тимофей Скатов іріктеу турнирінен өтіп, алғаш рет Australian Open-ге қатысу құқығын жеңіп алды. Тіпті, оның алғашқы айналымда өнер көрсетуінің өзі бұған дейін жеңіп алған сыйақысынан артық екені де есептеліп үлгерді. Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик америкалық Эрнесто Эскобедоны жарыстан шығарды. Алғашқы сетте жеңіліп, екінші сетте 3:5 есебімен кейіндеп қалғанына қарамастан, отандасымыз бәрібір тізгінді бермеді. 3:6, 7:6, 6:3, 6:3 есептерімен жеңіп шықты. Екінші айналымда Бублик француз Гаэль Монфиспен кездеседі.

Ал Ю.Путинцева алысқа ұзай алған жоқ. Ол франциялық Хар-

мони Таннан екі сетте 3:6, 3:6 есебімен ұтылды. Дегенмен, Путинцева жарысты жұптық сында жалғастырады. Ол Australian Open-нің 2020 жылғы жұптық сынының жеңімпазы София Кенинмен (АҚШ) бірге кортка шығады.

Михаил Кукушкин іріктеу турнирі арқылы негізгі кезеңге жолдама алды. Ол кеше америкалық Томми Полмен екінші айналым жолдамасын сарапқа салды. Скатов чехиялық Норберт Томашпен кездеседі.

Соқыр жеребе отандастарымыз Елена Рыбакина мен Зарина Диясты бірінші айналымда жолықтырды. Бұл «Үлкен дулыға» турниріне Рыбакина жаңа рекордпен жетті. Ол Сиднейдегі WTA турнирінің екінші айналымына шығудан бас тартқанына қарамастан, әлемдік рейтингте бір саты жоғарылап, 12-орынға көтерілді. Қазақстандық теннисшілердің ешқайсысы бұрынсоңды мұндай көрсеткішке қол жеткізіп көрген емес.

Биылғы ең ірі жарыс алдында тағы бір жағымды жаңалық естідік. Қазақстандық теннисші Анна Данилина жұптық сында Сидней WTA 500 турнирінің жеңімпазы атанды. Данилина бразилиялық Беатрис Хаддад Майямен бірге соңғы бәсекеде германиялық Вивиан Хайзер, мажарстандық Панна Удварди жұбымен бас жүлдені сарапқа салды. Бірінші сетте германиялық-мажарстандық жұп 6:4 есебімен басым болды. Екінші сетте Анна мен Беатрис брейкпен 2:0 есебімен алға шықты. Ақыры сол басымдылығын сақтай алды – 7:5. Супер тай-брейкте де олар 4:0 есебімен алға шықты. Ойын соңында әлденеше матчболды пайдалана алмағанымен, 10:8 есебімен жеңіспен тәмамдады. 1 сағат, 36 минутқа созылған кездесуде қарсыластар қос-қостан брейк жасады.

ФУТБОЛ

«Қайрат» – Алматыда, «Ақтөбеге» жастар барып жатыр

Футболдан Қазақстанның жаңа маусымы ақпан айының соңында басталады. Бұған дейін Қазақстан суперкубогын үздік төрт команда сарапқа салатыны айтылған еді. Бірақ қаңтардағы елдегі тәртіпсіздікке байланысты командалардың дені оқу-жаттығу жиындарына енді кірісіп жатыр. Сондықтан суперкубок Қазақстан чемпионы («Тобыл») мен ел кубогының иегері («Қайрат») арасында ғана сарапқа салынады.



Ал Қазақстан ұлттық құрамасы ақпан айында оқу-жаттығу жиынын өткізеді. Құрама тізгінін Талғат Байсуфинов ұстай береді. Наурыз йының соңында құрама Ұлттар лигасының С лигасында қалу үшін Молдовамен екі кездесу өткізеді.

Қазір командалардың біразы Түркияға жиынға аттанып кетті. «Қайрат» дәстүр бойынша алғашқы жиынды Алматыда өткізіп жатыр. Команданың негізгі қорғаушысы Нұралы Әліп жақында «Зенит» (Ресей)

командасымен оқу-жаттығу жиынына кетті. Жиын қорытындысында Нұралының болашағы айқындалады. «Қайрат» құрамынан бұған дейін Вагнер Лав, Ғ.Сүйімбаев, Р.Дугалич, Д.Миканович сияқты ойыншылар кеткені мәлім болған еді. Жақында негізгі қақпашы С.Покаитовтің де басқа ұжымға ауысатыны анықталды. Стас еңбекақының төмендеуіне келісім бермеген сияқты. Ал беларусьтік қорғаушы Д.Поляков «Астанаға» ауысуы мүмкін.

«Ақтөбе» қазақстандық талантты жастарды қанатының астына жинап жатыр. «Қызылжардан» – қорғаушы Әлібек Қасым, «Қайсардан» Азамат Кеңесов келді. Армения құрамасының жартылай қорғаушысы Соломон Удо да бес дүркін чемпиондардың намысын қорғайды.

Ал кеше премьер-лига дебютанты «Ақсу» командасы бас бапкер есімін жариялады. Павлодар облысының үздік ұжымын Руслан Костышин (Украина) баптайды.



БЕЙЖІҢ–2022

Парсы шығанағының алғашқы қарсыластары

4 ақпанда Бейжіңде XXIV Қысқы олимпиада басталады. Қазақстан атынан бұл сынға қатысушылар саны рекордтық көрсеткішке жетуі мүмкін. Жақында іріктеу турнирлері толық аяқталып, жолдамалар санын нақтылаймыз.

Бейжің жазғы және қысқы олимпиадаларды өткізген алғашқы шаһар болмақ. Бұған дейін Қытай астанасында 2008 жылғы жазғы олимпиада өткізілген еді.

Биылғы ақ олимпиадаға Сауд Арабиясы тұңғыш рет қатысады. Бұл елдің қос шаңғышысы Салман әл-Хуайш пен Файек Әбді олимпиадаға қатысуға жеткілікті ұпай иеленді. Енді олар осы корольдіктің ғана емес, жалпы Парсы шығанағының атынан ақ олимпиадаға қатысатын тұңғыш спортшылар болмақ.

Ойындардың ашылу салтанаты 4 ақпан күні, жабылу салтанаты 16 ақпанда өтеді. Бәсекелер ресми түрде ашылу салтанатынан екі күн бұрын басталып кетеді. Ал жарыстар түбегейлі 20 ақпанда аяқталады. Соңғы жарыс күнінде бобслей, керлинг, шаңғы жарысы, мәнерлеп сырғанау мен хоккейден жеңімпаздар анықталады.

Өкінішке қарай, хоккей турниріне ҰХЛ жұлдыздары қатыса алмайды. Бұл туралы шешім жақында қабылданды. Тіпті, өз бетінше қатысқысы келетін ҰХЛ ойыншылары да лиганың арнайы рұқсатын ала алмайды.

Ал команда мүшелері коронавирус жұқтырған жағдайда, құрамалар олимпиададан аластатылмайды. Бұл туралы Халықаралық Олимпиадалық комитет мәлімдеді. Егер олимпиада кезінде спортшыдан коронавирус табылса, ол ауруханада немесе изоляторда оқшауланады. Олимпиада кезінде оқшаулағыштан шығу үшін 24 сағат көлемінде коронавирусқа тапсырылған екі тест теріс нәтиже көрсетуі керек. Сондай-ақ, үш күн қатарынан дене температурасы қалыпты жағдайда болып, коронавирус белгілері байқалмауы тиіс. Осы орайда, коронавирус жұқтырған адаммен байланыста болған команданың өзге мүшелері ковид хаттамаларын сақтау арқылы жарысты жалғастыра береді.

Наукаспен жақын байланыста болғандар коронавирусқа тест тапсырып, нәтижесі теріс шыққан жағдайда карантин шараларын сақтап, үнемі бетперде тағып, тамақты жалғыз өзі ішіп, өзгелерден 2 метр алшақ жүреді. Сонымен қатар, күніне үш рет дене қызуын өлшеп, жарыс басталуына 12 және 6 сағат қалғанда ПТР-тест тапсырады.

КҮРЕС

Кебісбаев пен Ниязбеков бапкерлік жолға түсті

Жақында Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан күрес федерациясы атқару комитетінің отырысы болып, ұлттық құрамалардың бапкерлері тағайындалды.



Грек-рим күресінен Қазақстан құрамасының бас бапкері қызметіне Серік Жұмашев кірісті. Аға бапкер қызметі Григорий Комышенкоға жүктелді. Ал даңқты балуан Алмат Кебісбаев Қазақстан жасөспірімдер командасының аға жаттықтырушысы атанды.

«Басшылық шешімімен осы міндетті атқармақпын. Біржола бапкерлікке кеттім десе де болады. Осы жылдар аралығында жинаған мол тәжірибемді артымыздан ерген жастарға үйреткім келеді. Бұйырса, осы істі қолға алып жатырмын. Алда үлкен жұмыс күтіп тұрғаны рас. Бірақ қайтадан кілемнен көріп қалса-

ңыздар да, таңқалмаңыздар», – дейді Алмат Қабдырашұлы.

Жақында спорттан қол үзген еркін күрес балуаны Дәулет Ниязбеков те бапкерлікке бет бұрды. Енді ол еркін күрестен Қазақстан жасөспірімдер құрамасының аға жаттықтырушысы қызметін атқарады. Еркін күрестен ұлттық құрама тізгінін Мадияр Құрамысов ұстады. Әйелдер құрамасын Серік Алшынбаев жаттықтырады.



#ЕКПЕАЛ!

Кімдер таңдай алады?



Медицина қызметкерлері коронавирускa қарсы ревакцинация кезінде «Комирнати», яғни Pfizer екпесін таңдай алады.

Бұл туралы ҚР Бас санитарлық дәрігері Ерлан Қиясовтың жаңа қаулысында жазылған. Құжатқа сай, жасы 60-тан асқан

азаматтарға да ревакциналау кезінде екпенің осы түрін таңдауға рұқсат етілген.

COVID-19-ға қарсы ревакцинаны елдің әрбір азаматы жасата алады. Сондай-ақ, Қазақстанда тұрып жатқанына 3 айдан асқан шетелдіктердің де екпені алуына мүмкіндік бар. Ревакциналауға екпенің алғашқы курсын алғанына 6 ай өткен азаматтар жүгіне алады.

Эпидахуал күрделі



Коронавирускa байланысты эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша «сары» аймақта бір облыс қана қалды, қалғандары – «қызыл» аймақта. Олардың ішінде біз де, яғни Алматы да тұр.

Нақтырақ айтсақ, 17 қаңтардағы жағдай бойынша «қызыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Атырау, Алматы, Ақтөбе Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары. «Сары» аймақта: Түркістан облысы. Ал «жасыл» аймақта ешбір өңір жоқ.

Кеше Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан облыстары «сары» аймақта болған. Қазақстанда кешелі бері 11 мыңнан астам адам коронавирус жұқтырған. Ал одан бір күн бұрын 13 мыңнан аса адамнан анықталған болатын.

COVID-19



Балалар да жұқтыруда

Алматыда коронавирус жұқтырған 1094 адам ем қабылдап жатыр. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының өкілдері мәлімдеді.

16 қаңтардағы мәлімет бойынша 1578 адам коронавирус жұқтырған, оның 1360-ында симптомдық белгілері бар, ал 218-інің ауруы симптомсыз. Барлық емделіп шыққандар – 56, келіп түскені – 171.

«Инфекциялық стационарларда (2380 төсек-орын) барлығы 1094 адам емделіп жатыр, оның 149-ы бала. Жалпы реанимация мен қарқынды терапия бөлімшесінде 57 адам бар», – дейді басқарма өкілдері.

15 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппаратында 16 адам ем қабылдап жатыр. High flow-да 10 аппарат жұмыс істеп тұр.

Бүгінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 5413 пациент бар. Оның ішінде жеңіл және орташа ауыр дәрежеде – 5132, симптомсыз 281 науқас тіркелген.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ

кем дегенде 2 айға жетеді

Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин Алматының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысы барысында мегаполисті дәрі-дәрмектермен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету туралы баяндады.

Бүгінгі таңда Алматыда бар 975 дәріхананың 920-ы (95%) штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Е.Оразалиннің айтуынша, бүгінде олардың барлығы дерлік қажетті дәрі-дәрмектермен және медициналық мақ-



саттағы бұйымдармен толық қамтамасыз етілген.

«Ағымдағы жылы тұрақтандыру қоры

арқылы дәрілік заттарды сатып алу тетігі ұзартылды. Осылайша қаланың бөлшек сауда желілері үшін негізгі жеткізушілер – «Инкар» ЖШС, «МФК БИОЛА» ЖШС және «КФК Медсервис Плюс» ЖШС. Олармен сатып алу жөнінде шарт жасалды. Жеткізудің жалпы көлемі 9,2 млн. теңгені құрайды», – деді Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы.

Сонымен қатар, ол осы компаниялардың қоймаларындағы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жалпы қалдығы 15,5 млн.-ды құрайтынын, бұл қаладағы тапшылық тәуекелдерін барынша азайтатынын атап өтті. Сондай-ақ, көтерме жеткізушілер мен қаланың бөлшек сауда желілерінде шамамен 2 ай мерзімге жеткілікті қор бар.

МӘСЕЛЕ

СҮТ БЕЗІ АУРУЫ

етек жайып барады



Серік ЖҰМАБАЕВ

Қоғам дертіне айналған індеттердің бірі – әйелдердің сүт безі ауруы. Мамандардың айтуына қарағанда, жедел шаралар жасалмаса, әрбір екінші әйел осы дерттің құрығына ілінуі мүмкін. Бүгінде бұл дерт әйелдерді қойып, тіпті ер-азаматтарға да ауыз сала бастапты. Америкада жылына 800–900 жігіт аналық сүт безінің қатерлі дертіне ұшырайды екен. Ал бізде ше?

Біздің елімізде аталмыш ауруға шалдыққан ер-азаматтардың ауырып емделіп жатса да, көпке жария болғысы келмейтіндіктен, көбінесе

статистика құпия күйінде қала береді. Ал дерттің соңғы кездері ер-азаматтар арасында көбеюінің негізгі себебі – жұмыс бабы мен өмір сүру қарқынының өзгеруінен көрінеді. Жігіттер күнкөрістің қамымен айлап, жылдап отбасынан жырақта жүргендіктен, қалыпты жағдайдың қуықасты гормондары мен ұрық безі қызметінің қалыпты дағдысының бұзылуы салдарынан ер-азаматтардың сүт безі ауруына шалдығатыны байқалған. Көбінесе аталмыш аурумен науқастанушылар дәрігердің алдына ауруы асқынып кеткен соң ғана барады. Мұның сыры – бұл ауру адамның жанын жеп, ауырып, мазаламайды, білдірмей үңгіп, адам денесіне уын жая береді.

МАМАН ПІКІР

Ерғали АМАНГЕЛДИЕВ, маммолог-дәрігер:

– Жасыратыны жоқ, біздің ұлтымызда кеудесі, яғни сүт безі қалыпты деңгейге дейін өспей қалған қыздар өте көп. Оған бірнеше түрлі себептерді мысалға алсақ болады. Біріншіден, аналық жыныс безінің гормондарының кемуі, екіншіден, тағамның құндылығының азаюы. Біз күнделікті тұрмыста жеткілікті түрде көкөніс, жеміс-жидектер мен дәруменді тағамдар қабылдамаймыз әрі спортпен шұғылданбаймыз. Егер де қыз балалардың сүт безі өспей, дамымай қалса, екі жолмен емдеу мүмкіндігі бар. Біріншісі – гормон беру арқылы болса, екіншісі – хирургиялық жолмен, бұл, әрине, гормон қонбаған жағдайда қолданылатын тәсіл. Хирургиялық әдістен қорқудың керегі жоқ. Өйткені, бұдан 10 жыл бұрын операция жасап, протез орнатқан әйелдердің бүгінгі күні бала сүйіп, ана атанып отырғанын көріп жүрміз.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ



«ОМИКРОН» ырыққа көнер емес

АҚШ мемлекетінің Джорджия штатында «омикрон» жұқтырған бала саны күрт артқан. Ал оның өршуі жасы 5-ке толмаған балаларға екпе салынбайтындығынан болуы мүмкін деп отыр жергілікті мамандар. Кешегі жексенбінің өзінде 1 млн. 350 мың адам вирус жұқтырған. Дес бермей бара жатқан індетпен күресу үшін билік ауруханаларға жүздеген әскери дәрігерді жіберген.

АВСТРИЯ елінде 18 жасқа толғандар вакцина салдыруға міндетті. Міндетті вакциналау келесі айда басталады. Ал себепсіз бас тартқандар айыппұл арқалайды. Жалпы, былтыр Австрияда халықты екпемен қамту көрсеткіші Батыс Еуропа бойынша ең төменгі деңгейде болған еді. Сол себепті, билік тұрғындарды вакциналауға міндет ету керек деген шешімге келген.

АНГЛИЯ жерінде жолдамасы бола тұра, миллиондаған науқас ауруханаға жата алмай, кезек күтуде деп хабарлайды БАҚ өкілдері. Олардың 10%-ы бір жылдан бері дәрігерге қарала алмай жүрген көрінеді. Себебі, ауруханалар ковидпен ауырып жатқандарға толы. Оның үстіне, бүгінде 100 мыңдай денсаулық сақтау саласының маманы жетпей жатыр. Ауруханалардың 93,5%-ы бос емес. Жергілікті мамандар «омикрон» бұған дейінгі «дельта» және «альфа» штамдарына қарағанда әлсіздеу болып көрінгенімен, арқаны кеңге салатын уақыт емес деп шегелеп отыр. «Омикрон» өте жылдам жұғатын штамм.

ИСПАНИЯ премьер-министрі коронавирусты тұмау эпидемиясына теңеуді ұсынып отыр. Себебі, «омикрон» тез жұққанымен, ауру көбінде жеңіл өтеді дейді ол. Сондықтан үкімет басшысы тұрғындарды тестілеуден өтпей-ақ қоюға болатынын жария етті. Бірақ бұл елде ковидтің «алтыншы толқыны» басталған. Дерт жұқтырып жатқандар көбейген. Тіпті, ауруханаларда науқастарды жатқызатын орын тапшы. Медицина қызметкерлерінің жетіспеуі де «жығылған үстіне жұдырық» болып жатқан көрінеді.

ИТАЛИЯ мамандары вакцинаның екі компонентін, оған қоса үшінші – бустерлік дозаны салдыру індетті жұқтырудан 68,8%-ға, ал оның ауыр формада өтуінен 98%-ға қорғайды деп отыр. Бұл елді де «омикрон» айналдырып тұр. Науқастардың басым көпшілігі 20–29 жас аралығындағы азаматтар. Жасы 80-нен асқандар арасында вирус жұқтыру оқиғалары аздау. Мамандар мұны үлкендер арасында вакциналаудың жоғары деңгейімен түсіндіріп отыр.

СИНГАПУР елінде вакцина салдырмаған адамдарға жұмыс беруші еңбекақы төлемей, тіпті жұмыстан босатуы мүмкін. Жергілікті билік мұндай қадамға коронавирус жұқтырған тұрғындардың күрт артқаны үшін барып отыр.

Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.

«БАСТАУ БИЗНЕС»

ЕШКІМ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Бастау бизнес» бағдарламасы аясында биыл 50 мыңнан астам адам оқытылады. Бұл туралы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нариман Әбілшайықов айтты.

Оның сөзінше, бұл мақсатқа былтырмен салыстырғанда екі есе қаражат, яғни 50 млрд. теңге қажет. Әсіресе, кәсібін ашқысы келетін ауыл азаматтарына қолдау көрсетілетін. Осы орайда айта кетсек, Президент грант мөлшерін 400 айлық есептік көрсеткішке дейін, яғни 1 млн. 200 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырған болатын. Гранттарды жұмыссыз адамдарға 5-6%-бен беру жоспарлануда.

«Жұмыссыз жүрген жастар, көпбалалы аналар, мүгедектер, қандастар осы санатқа жатады. Осы категориямен бірге оқытып,



даярлап, қазір 180-дей оқытушы жұмыс істеуде. Қазақстанның әрбір облысы мен ауданында,

моноқалаларында осындай бизнес-тренингтеріміз бар. Бұл жұмысты тез арада дайындауға біз дайынбыз», – деді «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нарима Әбілшайықов. Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерге де қолдау көрсетіледі. Кейбір бизнесмендер мемлекеттен көмек алудан бас тартқан. Тағы бір айта кетерлігі, зардап шеккен бизнес өкілдеріне көмек көрсету үшін «Күшіміз бірлікте» қоры ашылған еді. Бүгінде оның есепшотына 1 млрд. теңге аударылған. Жиналған қаражат Алматы қаласы мен өзге де аймақта зардап шеккен кәсіпкерлерге арнайы комиссияның шешімімен бөлінеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШАРА

Тең мүмкіндіктер қаласы

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз орта құру – кез келген дамыған қоғамның бірінші кезектегі міндеті. Сондай-ақ, мемлекеттің әлеуметтік саясатының өзекті бағыты. Қолжетімді орта – қимыл-қозғалысы шектеулі адамдарға қолайлы жағдай жасау үшін ұсынылатын іс-шаралар кешені.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мүгедек жандардың басқа азаматтармен тең дәрежеде өмір сүруіне жағдай жасау үшін Алматы қаласында әлеуметтік инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ол жұмыстар екі кезеңнен тұрады: паспорттау және бейімдеу.

Мегаполисте мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарында қаншалықты жағдай жасалғандығын бақылап отыратын мониторингтік топ құрылған.

– Жұмыс тобының құрамына мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, Nur Otan партиясының АҚФ, Алматы қаласының Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы және Еңбек, әлеуметтік қорғау

және көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті өкілдері кірді. Паспорттауды аудан әкімдерінің аппараты жүргізеді және inva.gov.kz порталына енгізеді. Аудандық әкімдіктер мүгедектігі бар адамдар және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтары үшін олардың қолжетімділігі тұрғысынан түгендеуге және бейімдеуге жататын объектілердің қалыптастырылған тізбесін жасайды. Осы АТҚК бойынша жұмыс тобы стандарттарды, техникалық регламенттерді ғимараттар мен құрылыстардың сәйкестігіне түсіндірумен шығу мониторингін жүргізеді. Сондай-ақ, мониторинг барысында анықталған, ҚНЖЕ сәйкес келмейтін ұйымдар мен мекемелердің басшыларына пандустардың, санитарлық тораптардың, лифтілердің, тактильді тактайшалардың,

дыбыстық сигналдардың болмауы және құрылыс талаптарына сәйкессіздігін жою туралы ұсынымдық сипаттағы ұйым басшылары хат жолдайды, – дейді Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы тең мүмкіндіктер бөлімінің бас маманы Айжан Баймұхамбетова. Сондай-ақ, аудан әкімдері кәсіпкерлік нысандарында қолжетімді орта құру қажеттілігі туралы бизнес орта өкілдерімен тұрақты негізде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыратын көрінеді.

Осы ретте тақырыпқа орай мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнама туралы бір ауыз айта кетсек. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 83-бабына сәйкес, мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етпеген; олардың мәдени ойын-сауық іс-шараларына қол жеткізуі үшін жағдайларын қарастырмаған; жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мәртебесін немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді жұмыспен қамту және кәсіптік оңалту саласындағы міндеттерді жұмыс беруші сақтамаған жағдайда жауапқа тартылады. Тіпті, лауазымды адамдарға – 50, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 120, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз етпеген ұйымдарға әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

ШАРА

Анонимділікке кепілдік бар



Әсел
ДАҒЖАН



Алматыда заңсыз сақталған қару-жарақтарды қабылдау шарасы басталды. Бұл туралы Алматы қалалық Полиция департаменті мәлім етті.

Қалалық полиция департаментінің хабарлауынша, бұл шара заңсыз қару сақтаған азаматтарға оларды жақын жердегі полиция басқармасына өз еркімен тапсыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 287-бабына сәйкес – қару мен ок-дәрілерді тапсырған адамдар қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

«Ұрланған қару-жарақ, ок-дәрілер және арнайы құралдар туралы ақпарат білетін болсаңыз, «102» пультіне хабарласуыңызды сұраймыз, анонимділікке кепілдік беріледі», – делінген хабарламада. Заңсыз сақталған қару-жарақ пен ок-дәрілерді өз еркімен бермеген азаматтар анықталған жағдайда қылмыстық жауапқа тартылады.

Сұрақтар бойынша мына телефондар арқылы хабарласуға болады:
8 747 333 91 60; 8777 346 44 77.

ТАҒЫМ

Қазақтың аса көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 12 қаңтарда 110 жыл толды. Осыған орай, Алматының зиялы қауымы «Кеңсай» зиратына барып, бірегей тұлғаға Құран бағыштады.

«Өткенсіз келешек жоқ»



Рая
ЕСКЕНДІР

Осынау бекзат болмысты, табиғаты таза, өзі дара жанның халқы үшін орны қашан да ерекше. Оны арада қаншама жылдар өтсе де, Димаш Ахметұлына деген халқының сағынышынан-ақ байқауға болады. Қаламыздың байырғы тұрғыны Амантай қажы Асылбек былай дейді:

– Халқының ыстық ықыласына бөленген Дінмұхамед Қонаевқа арнап генерал А.Шабдарбаев бастаған азаматтар ас берді. Мен төрде отырып бата бердім. Сол жерде барлық аруақтарға, қайтыс болған құқық саласы қызметкерлеріне Құран бағыштадым. Олардың имандары саламат болсын. Дәл сол күні ұлтымыздың адал ұлдары Асанбай Асқарұлы, Ізбасар Балтағұловтардың, басқа да азаматтардың басына барып, Құран оқыдым. Еліміздің елдігі үшін қызмет еткен жандарды біз ешқашан ұмытпауымыз керек. Бұл – біздің азаматтығымызға сын. Өткенсіз келешек болмайды. Сондықтан мен әркез оларды есіме алып, дұғама қосып отырамын.

Алматының байырғы тұрғыны ретінде оның өмірінде болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамайтын жанмын. Бейбіт шеруге қатысушыларды да сабырға шақырып, тоқтау айттым. Олар да мені көре сала, танып



жатты. Ел іші тентексіз болмайды. Оған тоқталып жатудың қажеті бола қоймас. Тек бұл жағдай бізге ашы сабақ болуға тиіс. Жалпы, өздеріңіз де білесіздер, мен қашаннан «Жаса, Қазақстан!», «Иманды ел болайық!», «Қазақи, иманды мемлекет құрайық!», «Коррупция жойылсын!» деп елді бірлікке, ұйымшылдыққа үндеп жүретін адаммын. Қала басшысы Бақытжан Сағынтаевтың халқына жақын, жаны ашитын азамат екенін білемін. Дәл қазір бізге керегі – бірлік. Дәл осы жерден білек түріп, жана Қазақстанды қалыптастыруға атсалысайық. Ел Президенті кедей-кепшікке, жоқ-жітімге, зағип жандарға көмек көрсетеміз деп жатыр. Барлығымыз бір жеңнен қол шығарып, ұлт болып ұйысайық! Сыналатын кез келді! Елімізді көркейтуге шақырамын, – дейді «Аттан» қозғалысының жетекшісі Амантай қажы Асылбек.

КӨМЕК

Келтірілген залал өтеледі



Айжан
БҮРКІТБАЕВА



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙДЫЛ

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде қала әкімінің орынбасары Лияс Өсеров террористік әрекеттер барысында кәсіпкерлерге келтірілген залалды анықтау тетігі туралы айтты.

Әкім орынбасарының айтуынша, залалды бағалауды құрамына тәуелсіз бағалаушылар, аудиторлық компаниялар, «Атамекен» ҰКП, құқық қорғау органдары мен қала құрылысын бақылау өкілдері, мәслихат депутаттары кіретін аудандық жұмыс комиссиялары жүргізеді. Аудандық комиссиялардың шешімі залалды өтеу бойынша тиісті төлемдер үшін негіз болады.

– Жақын күндері кәсіпкерлерге келтірілген залалды өтеу рәсімдерін регламенттеу, оның ішінде залалды өтеу туралы шешім қабылдау тетігі, өңірлік комиссиялар туралы ереже қабылданатын болады. Құжат жобасын «Атамекен» ҰКП әзірлеп, мемлекеттік органдарға жіберді. Барлық нормативтік құжаттар бекітілгеннен кейін InfoKazakhstan-да қолжетімді болады, – деді әкім орынбасары.

Лияс Өсеров, сондай-ақ, кәсіпкерлерге келтірілген залалды Алматы қаласының әкімдігі республикалық бюджет қаражатынан өтейтінін хабарлады.

Сондай-ақ, зардап шеккен кәсіпкерлерге қала аудандарындағы жауапты лауазымды тұлғалардың нөмірлерін берді:

Алатау ауданы – Белгібаев Олжас Талғатұлы, 8 701 777 99 86.

Алматы ауданы – Хайруллин Ерден Рашидұлы, 8 775 555 57 18.

Әуезов ауданы – Кенеев Ренат Бакдәулетұлы, 8 708 634 00 56.

Бостандық ауданы – Сәдуақасова Жанар Сейітжанқызы, 8 701 501 99 90.

Жетісу ауданы – Әкежанов Дамир Нұрсұлтанұлы, 8 705 777 81 30, 8 776 222 28 70.

Медеев ауданы – Солтанбаев Берік Бекмырзаұлы, 8 705 444 40 60.

Наурызбай ауданы – Дандыбаев Бағлан Ерболұлы, 8 701 959 44 39.

Түркісіб ауданы – Лебаев Наиль Мұратжанұлы, 8 702 180 90 07.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰҚЫҚ

Камерадағы жазбалар қылмысты ашуға көмектеседі



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматы бизнесмендеріне жаппай тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен жағдайда не істеу керектігі айтылды. Мегаполисте террористік әрекеттер барысында кәсіпкерлерге келтірілген залалды анықтау жөніндегі қалалық комиссия жұмысын жалғастыруда.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы Полиция департаменті Тергеу басқармасы басшысының орынбасары Ерғали Ибраимов атап өткендей, тергеу әрекеттерін жүргізгенге дейін бұзақы әрекеттер мен бүлінген мүліктің іздерін тазалау керек, ең алдымен полиция шақыру керек. Оның айтуынша, 54 жедел-тергеу тобы құрылды. Басқа өңірлерден 37 тергеуші мен 51 криминалист көмекке тартылды. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері сауда орталықтарында – ОӘД, «Москва» және «Промнадта» өтініштерді қабылдайды.

Ерғали Ибраимов бейнебақылау камераларынан, ресиверлерден, серверлерден және т.б. жазбаларды қатты дискіге немесе флеш-картаға қайта жазуды және осы жазбаларды құқық қорғау органдарының өкілдеріне беруді сұрайды.

«Егер кәсіпкер тергеушінің

келуін күтпесе және тазарту және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсе, қаржылық құжаттардан басқа, келтірілген залалды өтеу туралы мәселені қарау үшін негіз болатын фото және видео мәліметтерін ұсыну қажет», – деді ол.

Полиция оқиға болған жерді тексергеннен кейін хаттамамен танысып, қажет болған жағдайда толықтырулар жасап, тергеушінің мәліметтерін, тіркеу нөмірін сұрап, тергеушіден жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы алу керек.

«Қаржылық құжаттардың расталған көшірмелерін, бүлінген немесе ұрланған мүліктің тізілімін тергеу органдарына ұсыну қажет. Бұдан басқа, полиция қызметкерлерінен алынған құжаттармен, сондай-ақ үй-жайға, жабдыққа, өнімге құқық белгілейтін құжаттармен (жүк құжаттар, шот-фактуралар, кіріс актілері және т.б.) аудандық әкімдіктегі тиісті комиссияға жүгіну қажет», – деп хабарлады Ибрагимов.

Жоғарыда көрсетілген құжаттары жоқ кәсіпкерлер үшін қазіргі уақытта залалды бағалау тетігі әзірленіп жатқаны атап өтілді.

Тергеу амалдары жүргізілгеннен кейін зақымдалған объектіде жөндеу жұмыстарын жүргізуге және қызметті қайта бастауға болады.

«Конкрит Продактс» ЖШС, жоспарланатын іс-әрекеттің бастамашысы ретінде (Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 90/10 ғимараты, БСН 961240003270, тел.: 8 (727) 273-16-91 А.Е.Синяев), «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚ) жобасы бойынша «Дайын бетоннан бұйымдар шығаратын цехтар мен орналасқан өндірістік базаның аумағында әкімшілік ғимарат салу» жұмыс жобасына қоғамдық талқылаулар арқылы, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Орналасқан мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Ангарская көшесі, 129.

Объект орналасқан мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Ангарская көшесі, 129.

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеуші: Бекмырзаев Асқар Орынбаевич ЖК.

Жоспарланатын іс-әрекет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: askar.bek@mail.ru; +7 701 309 75 79.

Жоба бойынша құжаттама электронды түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет ресурсының адресі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco>

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecportal.kz>

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электронды түрде қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Алматы қаласы, Жасыл экономика басқармасы» ММ, 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4.
E-mail: u.pripr@almaty.gov.kz

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) БСН 040740002533 «Тродат Professional» ЖШС БСН 131240000510 дайындаған Басқарманың елтаңбалық Мөрін 05.01.2022 жылдан бастап жарамсыз деп санауды сұрайды.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі қаланың ардагерлер қозғалысының белсендісі, қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Еңбек Даңқы» орденінің кавалері

Сәбира Қисайқызы ӘУЕЛБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

CORONA
VIRUS2020KZ

12 ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕГУ КАБИНЕТТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ, ЖАСӨСПІРІМДЕР АТА-АНАСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛІНІҢ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЕГУ ПУНКТТЕРІНДЕ ДЕ ВАКЦИНА АЛА АЛАДЫ.

МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ҮШІН ЕГУ БРИГАДАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:



Вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін сақтау мен тасымалдаудың өртүрлі деңгейінде «суық тізбек» қамтамасыз етіледі.

«Pfizer» вакцинасы минус 60-90°C температурада облыстық денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларында сақталады.

Ал, білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдардың егу пункттерінде күнтізбелік 31 күнге дейінгі мерзімде плюс 2-8°C температурада сақталады.



МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖӘНЕ МЕКТЕП БАСШЫЛЫҒЫ:

- Егу кабинеттерін ҚР ДСМ №361 бұйрығына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жабдықтауды;

- алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған препараттардың болуын;

- бір жерде көп шоғырланбау үшін өгілетін адамдардың ағынын шектеуді;

- өлеуметтік қашықтықты сақтау шартымен вакцинацияға дейін күту және вакцинациядан кейін бақылауда болуға арналған жеке бөлме жасақтауды;

- мектеп және медициналық ұйым психологтарының жасөспірімдерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялауға қатысуын қамтамасыз етеді.

CORONA
VIRUS2020KZ

ВАКЦИНАЦИЯДАН БҰРЫН

- 12-18 жастағы тұлғаға тексеру және сұрау ата-анасының немесе заңды өкілінің қатысуымен жүргізіледі;

- иммундауға қарсы көрсетілімдер болмаса, егуге рұқсат ресімделеді;

- өгілетін адамға және/немесе оның ата-анасына (заңды өкіліне) профилактикалық егу, ықтимал реакциялар мен иммундаудан кейінгі жағымсыз жайттар, егуден бас тарту салдары туралы толық және объективті ақпарат беріледі.



ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН

ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН АДАМ 30 МИНУТ БОЙЫ ВАКЦИНА АЛҒАН ЖЕРДЕ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛАДЫ.



АТАЛҒАН РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ КЕЙБІРІ ЕРЕСЕКТЕРГЕ ҚАРАҒАНДА 12-15 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ:

- инъекция орнындағы қызару
- жүрек айну, құсу;
- лимфа түйіндерінің ұлғаюы
- әлсіздік
- қолдың ауыруы
- ұйқысыздық;
- инъекция орнындағы қышу
- бөртпе сияқты аллергиялық реакциялар т.б.

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН МЫНАДАЙ РЕАКЦИЯЛАР БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ:



- инъекция орнын ауырсыну, ісіну;
- шаршағыштық
- бас ауыруы
- бұлшықеттің ауыруы
- буын ауыруы
- қалтырау
- диарея
- қызу көтерілу

ИММУНДАУДАН КЕЙІН ЖАҒЫМСЫЗ САЛДАР ТУЫНДАҒАН ЖАҒДАЙДА, МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Еліміздің мәдени орталығының тыныс-тіршілігі бұрынғы бағытына қайта оралуда. Төтенше жағдайдың сақталуымен көптеген қалалық сауда орталықтары мен басқа да нысандар жұмыс істеп тұр. Алайда, көптеген азаматтар аса қажет болмаса көшеге шықпауды жөн көреді. Соған орай, үйде отырып-ақ уақытты қалай қызықты және қауіпсіз өткізуге болатынына назар аудартқанды жөн көрдік.

Қабырғасыз мұражай

Алматыдағы Британ Кеңесі Almost there сандық көрмесін онлайн тамашалауға шақырады. Виртуалды көрмеге әртүрлі елдердің суретшілерінің жұмыстары қойылған.

«Көрмені тамашалаңыз және қазіргі әлемде адам болу деген не екенін біліңіз», – дейді ұйымдастырушылар.

Оның ерекшелігі – қабырғасы жоқ мұражай. Сайттан кез келген жұмысты басу арқылы суреттерді тамашалап қана қоймай, сонымен қатар жасалу процесі туралы білуге болады, өйткені бұл көрмедегі әрбір фото немесе картинаның өзіндік бірегей тарихы бар.

Мекенжайы: www.soyle.kz



Абай әлемі

Ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жоба бос уақытыңызды танымдық тұрғыдан өткізуге мүмкіндік береді. Порталды Мемлекеттік тілді дамыту қоры жасаған.

Бұл интернет-сайтта ұлы Абайдың дәуірі, оның шәкірттері, ізбасарлары, замандастарының естеліктері, абайтанушы ғалымдардың еңбектері, Абайға арналған шығармалары және басқа да қызықты мәліметтердің мол базасы жинақталған. Сайт әртүрлі ақпарат құралдарынан (кітаптар, газеттер мен журналдар, ғылыми басылымдар, деректі фильмдер, фотомұрағаттар және басқа да дереккөздер) қалыптастырылады. Порталда қазақ, латын және араб тілдерінде Абайдың өмірбаяны, шығармашылығы, Абай әлем тілдерінде, Абай әндері, Абай туралы естеліктер, абайтану, абайтанушылар, «Абай жолы» роман-эпопеясы, есте қаларлық орындар, Абай мұражайы, фотогалерея бар.

Мекенжайы: www.abai.alemi.kz



Виртуалды көрме

Ә.Қастеев атындағы Қазақ мемлекеттік мұражайының порталында виртуалды экскурсиялар жасауға болады.

«Виртуалды турлар» – мұражай коллекцияларына кіруге уақытша шектеу қойылғанына қарамастан, өнер әлеміне қызығатындар үшін арнайы жасалған жоба. Жобаға нақты экскурсиялардың жүйелі циклі, сонымен қатар коллекцияның жеке экспонаттарымен танысу, тұрақты көрмелер мен мұражайдың ағымдағы көрмелері бойынша онлайн серуендер кіреді», – дейді ұйымдастырушылар.

Ә.Қастеев атындағы Қазақстан мүсін қоры – ең қызықты бөлімдердің бірі. Мұнда іргелі кәсіптік мектебімен, шеберлігімен ерекшеленетін суретшілердің шығармашылығы ұсынылған. Олар: Х.Наурызбаев, И.Иткинд, Е.Мергенов, П.Усачев, Т.Төлеков, Т.Досмағамбетов, Е.Сергебаев, В.Рахманов, О.Прокопьева, М.Рапопорт, Д.Төлеков, А.Есенбаев, Е.Казарян және басқалар.

Мүсін өнері пішіннің сезгіштік, тәндік, салмақтылық және материалдық сапалары принципіне негізделген. Яғни келушінің мұражай залында онлайн бола отырып, мүсінді айналып, жан-жақтан қарауға мүмкіндігі бар. Мұражайдың веб-сайтында ұсынылған 3D функциясы мүсіндерді виртуалды түрде көруге бірдей мүмкіндік береді. Бұл – мүсінді түсінудің, оны зерделеудің, техниканың сан алуан түріне терең бойлаудың ең жақсы тәсілдерінің бірі.

Әртүрлі жанрлар, шығармашылық тұлғалардың байлығы, сондай-ақ туындылар жасалған материалдар ұсынылған – мәрмәр, қола, ағаш, шамот, күйдірілген саз және т.б.

Мекенжайы: <https://3d.gmirk.kz/index.php/ru/kazakhstanskaya-skulptura>



Қуатты жейде


Ғалымдар смартфондарды қуаттауға арналған футболка жасаған. Сан-Диегодағы Калифорния университетінің нанотехнологиялары институтының ғалымдары адам денесінің энергиясын жинайтын және сақтайтын «киюге болатын микро-желіні» ойлап тапты.

Бұл құрылғы футболкаға бекітіліп, ол тер мен адамның қозғалысы арқылы энергия өндіретін болады. Жүйе негізгі 3 бөліктен тұрады: тер мен қозғалыстан жұмыс істейтін биоотын элементтері, трибоэлектрлік генераторлар деп аталатын қозғалмалы құрылғылар мен энергияны сақтайтын суперконденсаторлар. Барлық бөлшектер икемді, оларды жууға болады және киімге басып шығаруға болады деп хабарланған Сан-Диегодағы Калифорния университетінің сайтында.

Сан-Диегодағы Калифорния университетінің ғалымдары алғаш рет 2013 жылы тер жинауға арналған киелінен құрылғыларды жасау туралы ойға келген, бірақ содан бері оларды серпімді және кішкентай құрылғылармен жұмыс істеуге жеткілікті күшті ету оңайға соқпаған. Сынақ барысында микро желі 10 минуттық жүгіру мен 20 минуттық демалыстан тұратын 30 минуттық жаттығу нәтижесінде СК-дисплейі бар қол сағаттарын қуаттай алды.

Қазіргі уақытта зерттеушілер қолданушы қозғалысыз немесе енжар болған кезде, мысалы, кеңседе отыру немесе баяу қозғалу кезінде энергия жинай алатын басқа құрылғыларды жасап шығу жолында жұмыс істеуде.

Дайындағандар Айжан БҮРКІТБАЕВА, Динара МҰРАТ.



Сурет Калифорния университетінің сайтынан алынды.